- трубопроводы из термопластов, упрочненные намоткой волокна или линейного профиля;
- трубопроводы из термопластов с силовой стеклопластиковой оболочкой;
- металлические трубопроводы, футерованные пластмассовыми трубами.

Из всех вышеперечисленных конструктивных вариантов на данный момент отечественной промышленностью освоены следующие виды комбинированных труб:

- трубы стальные, футерованные полиэтиленом диаметрами 89, 114 и 159;
- трубы стеклопластиковые комбинированные (ТСК) или, по-другому, бипластмассовые трубы – полиэтиленовые трубы, упрочненные наружной стеклопластиковой оболочкой диаметром до 293 мм на рабочее давление до 20,0 МПа.

- трубы металлопластовые (МПТ) – полиэтиленовые трубы, монолитная стенка которых армирована жестким сварным проволочным каркасом диаметром до 200 мм на рабочее давление до 4,0 МПа;

- гибкие длинномерные полимерно-металлические трубы (ГПМТ) – полиэтиленовые трубы,

упрочненные навивкой металлокорда диаметром до 200 мм на рабочее давление до 10,0 МПа.

Наиболее перспективными для нефтегазопромысловых трубопроводов являются стеклопластиковые комбинированные трубы (рисунок 1). У этих труб стенка состоит из двух функциональных оболочек. В качестве герметизирующей оболочки используются тонкостенные трубы из термопласта, а силовые оболочки формируются намоткой на наружную поверхность термопласта стеклопластиковой оболочки с обеспечением адгезионной связи между оболочками. Эти трубы являются бипластмассовыми, но в процессе их производства они получили название – трубы стеклопластиковые комбинированные [6].

В процессе монтажа трубы ТСК обычно стыкуются посредством разъемных фланцевых и раструбных соединений с уплотнительными манжетами.




Рисунок 1 – Труба стеклопластиковая комбинированная

Технические характеристики ТСК представлены в таблице 1.

Таблица 1 - Технические характеристики ТСК

Внутренний диаметр, мм	Наружный диаметр, мм	Толщина п/э оболочки, мм	Длина трубы, м	Рабочее давление, МПа	Масса 1 пм, кг
75	86	3	0,5-6	4	2,3
75	89,8	3	0,5-6	10	4,1
75*	97,2	3	0,5-6	20	6,4
100	115,3	4,5	0,5-6	4	4,2
130	146,1	5,4	0,5-6	2,5	5,8
130	147,2	5,4	0,5-6	4	6,9
130	157	5,4	0,5-6	10	12,3
191	211,2	6	0,5-9	2,5	11,9
191	214	6	0,5-9	4	12,6
293	317,6	8	1-9	1,6	24,2
293	320	8	1-9	2,5	25,4
293	327	8	1-9	4	26,0

Порогом разрушения стеклопластиковых комбинированных труб является разрушение стеклопластиковых оболочек от предельных напряжений, т.к. они обладают абсолютной герметичностью. Поэтому такие трубы могут быть рассчитаны на высокое рабочее давление в зависимости от толщины слоя стеклопластика, учитывая, что потенциальная прочность стеклопластиковой оболочки реализуется полностью.

Разработка и организация производства бипластмассовых труб по времени совпало с разработкой металлопластовых труб (МПТ). Металлопластовые трубы представляют собой трубы из термопласта, с зафиксированным расположением армирующего каркаса в полимерной стенке трубы (Рисунок 2).



Рисунок 2 – Металлопластовые трубы

Трубы были разработаны для процесса добычи редкоземельных металлов методом подземного выщелачивания, где был нужен обсадной материал, способный выдерживать давление земной коры (горное давление) на глубинах до 700 м, а также, обеспечивать безаварийную работу (без ремонтов и без сооружения новых скважин взамен вышедших из строя из-за коррозии в технологических кислых средах) в течение всего срока работы технологической скважины. Прочность каркаса из недефицитного материала (проволока из углеродистой стали или низколегированной стали), воспринимающего механические нагрузки, удачно сочетается в них с антикоррозионными свойствами полимера (полиэтилен низкого давления), выполняющего функции монолитной стенки и защиты каркаса от воздействия агрессивных сред.


МПТ выпускаются следующих типоразмеров: 95, 115, 140 и 200 мм и комплектуются отводами с различными углами. Разработаны новые типоразмеры труб: 160 и 225 мм.

Металлопластовые трубы эксплуатируются на нефтяных месторождениях Западной Сибири, Удмуртии, Башкирии, Северного Кавказа и Западного Урала с 1989г. В настоящее время на выкидных линиях нефтяных скважин и в системах нефтесбора эксплуатируется более 3000 км трубопроводов из МПТ с рабочим давлением до 4,0 МПа, в качестве водоводов питьевого водоснабжения – свыше 300 км трубопроводов различных типоразмеров.

- Температурный режим: от -45°C до 80°C
- Рабочее давление до 4,0 МПа
- Длина: 2,5 – 11,5 м

Гибкие полимерно-металлические трубы (ГПМТ) представляют собой полиэтиленовую тонкостенную трубу, упрочненную навивкой на нее металлической проволоки, ленты, металлокорда, поверх которой формируется защитное полимерное покрытие. Один из конструктивных вариантов ГПМТ представлен на рисунке 3.

ГПМТ выпускаются диаметрами 75, 100, 150 мм в бухтах длиной до 300 м., оснащаются металлическими законцовками, цилиндрический рифленый ниппель которых запрессовывается в трубу и которые соединяются между собой фланцами или сваркой.



- 1) Внутренняя герметизирующая камера (полиэтиленовая или полипропиленовая труба);
- 2) Внешняя герметичная защитная оболочка из ПВХ;
- 3) Защитная оболочка стальных лент из пленки ПВХ;
- 4) Двухслойный грузонесущий каркас из стальных лент, навитых под углом 54°44' в противоположных направлениях в два слоя.

Рисунок 3 – Гибкая полимерно-металлическая труба

Технические характеристики ГПМТ представлены в таблице 2.

Таблица 2 – Технические характеристики ГПМТ

Параметры	ГПМТ-75	ГПМТ-75	ГПМТ-100	ГПМТ-150	ГПМТ-225
Внутренний диаметр, мм	75	75	90	131	180
Наружный диаметр, мм	100	120	125	170	250
Длина трубы, макс., м	300	200	200	200	12
Минимальный радиус изгиба, м	1,1	1,4	1,3	1,6	2,3
Вес 1 п/м, кг	7,1	9,5	10,8	18,2	25,0
Температура транспортируемой жидкости, °С	1) Полиэтиленовый сердечник (ПНД 273-79): до +40 2) Полипропиленовый сердечник (RONDON): до +95				
Температура окружающей среды, °С	от +40 до -45				
Давление номинальное/максимальное, МПа	4,0/6,0	/20	4,0/6,0	2,5/4,0	
Тип концевое элемента	Фланцевый с прокладкой из материала сердечника или под сварку				

По результатам проведенного обследования приборным методом различных комбинированных труб после длительной эксплуатации с определением местонахождения трубопроводов (трассы и глубины залегания), а так же мест разгерметизации сделаны следующие выводы.

Трубопроводы из стеклопластиковых комбинированных труб (ТСК-75) абсолютно герметичны. Экспертная оценка состояния трубопроводов, проведенная с вырезкой отрезков труб с соединительными узлами, показала отсутствие изменения свойств по телу труб и соединениям.

Трубопроводы из металлопластовых труб (МПТ-89) имеют участки с нарушенной герметичностью без проявления транспортируемой среды на поверхности грунта. Контрольная шурфовка на этих участках позволила выявить наличие транспортируемого продукта в траншее ниже оси трубопровода протяженностью, равной длине труб, что свидетельствует о наличии

труб с дефектом (капиллярной проницаемости).

Трубопроводы из гибких полимерно-металлических труб (ГПМТ-100) подвержены изменениям глубины залегания, вплоть до выхода на поверхность траншеи.

Это проявляется на трубопроводах высокого давления, особенно с пульсирующим давлением и приводит не только к возможности нарушения их герметичности от механических воздействий, но и является причиной разрушения труб вследствие их большого изгиба, где перекрестная спиральная навивка металлокорда сползая, образует ослабленные зоны во внутренней оболочке.

Кроме того, дефекты соединительных узлов этих труб (нипельное соединение “труба – законцовка” и фланцевое соединение законцовок между собой) не выявляется при диагностировании однозначно: или течь по nipple-соединению, или неизолированный фланец.

Учитывая температурно-временную зависимость прочности полимерных материалов, длительную прочность комбинированных труб и их соединений можно оценить проведением длительных гидравлических испытаний. Результаты проведенных гидростатических и гидроциклических испытаний бипластмассовых и металлопластовых труб на гидравлическом стенде показали, что вышеуказанные трубы могут быть рекомендованы для монтажа нефтепромысловых трубопроводов при рабочем давлении до 4,0 МПа. По результатам испытаний установлено, что прогнозируемый срок эксплуатации бипластмассовых и металлопластовых труб с клеесварными и сварными соединениями составляет не менее 50 лет.

По результатам этих испытаний получена зависимость величины рабочего давления при заданном сроке эксплуатации трубопровода от толщины стенки стеклопластиковой оболочки труб. Это позволит изготавливать трубы целевого назначения (рабочее давление – срок службы).

На основании вышесказанного можно сделать вывод – на сегодня лучшим выбором для сооружения трубопроводных систем на нефтепромыслах являются трубы стеклопластиковые комбинированные. Только эти трубы обеспечивают проектную надежность трубопроводов.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Зиновьев П.А. Прочностные, термоупругие и диссипативные характеристики композитов / П.А. Зиновьев // В кн.: Композиционные материалы. Справочник. – М.: Машиностроение, 2000. – 512 с.

2 Васильев В.В. Механика конструкций из композиционных материалов / В.В.Васильев. – М.: Машиностроение, 2008. – 272 с.

3 Амбарцумян С.А. Общая теория анизотропных оболочек. – М.: Машиностроение, 1994. – 446 с.

4 Алфутов Н.А. Расчет многослойных пластин и оболочек из композиционных материалов / Н.А. Алфутов, П.А. Зиновьев, Б.Г. Попов. – М.: Машиностроение, 1998. – 446 с.

5 Болотин В.В. Механика многослойных конструкций / В.В. Болотин, Ю.Н. Новичков. – М.: Машиностроение, 1980. – 375 с.

6 Ромейко В.С. Эффективность производства и применения неметаллических труб в строительстве / В.С. Ромейко, В.М. Володин. – М.: Машиностроение, 1990. – 158 с.

ТҮЙІН

Әртүрлі материалдардан және әртүрлі конструкциялық сұлбалар бойынша дайындалған құбырлардың артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырмалы түрде талдаған. Мұнай-газ кәсіпшілігінде қолдану үшін ең тиімдісі бипластмассалы құбырлар болып табылады. Комбинирленген құбырларды жіктелу жүргізілді. Комбинирленген құбыр өндірісінде қолданылатын кейбір материалдардың және олардың композицияларының физико-механикалық қасиеттерін салыстырмалы талдау жасалды. Метал пластикалық және әйнек пластикалық құбырларды пайдаланудың тиімді аймақтары анықталды.

RESUME

On the basis of a comparative analysis of the physical and mechanical properties of composite materials used in the production of metal-base laminate & biplastic pipes the preferred field of their application determined. Comparative analysis of pipes made of different materials and on different structural diagram shows that the biplastic pipes are the most long-range to use in oilfield pipelines. Classification of combined pipes conducted.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

ӨОЖ 614. 31

А. К. Гумарова, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент

Н. С. Машанова, техника ғылымдарының докторы,

Э. Р. Чинарова, аға оқытушы, **А.Т. Жақсыбаева**, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ ӨНДІРІСІНДЕ ӨНІМДЕРДІҢ САПАСЫМЕН ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗЕТУ

Аннотация

Мақалада тағам өнімдерінің қауіпсіздік мәселесі, қоғамдық тамақтану өндірісінде өнімдердің сапасын көтеру және қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі жүйелер, Қазақстан Республикасында тағам өнімдерін гигиеналық бақылаудың нормативтік және құқықтық базасы келтірілген.

Түйін сөздер: қауіпсіздік, қоғамдық тамақтану, сапа, нормативті құжат, улы элементтер, ХАССП.

Қазақстан Республикасының Президентінің жолдауына байланысты еліміздің 50 дамыған мемлекеттердің қатарына енуі жоспарланғандықтан, отандық тауар тек қана сапалы болып қана қоймай, шетелдік тауарларға бәсекелестік туғыза алатындай деңгейде болуы керек. Сондықтан да, әр кезде де тамақ өнімдерінің, әсіресе отандық өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігі мәселесі өзекті болып табылды. Оның өзектілігі әр жыл сайын жоғарылап келеді, өйткені, азық-түлік шикізатының және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету адамдар денсаулығын сақтауды анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады [1].

Соңғы уақытта антропогенді факторларға байланысты әлемнің барлық аймақтарында экологиялық жағдайлар нашарлап кетті. Бұл жағдай тағамның сандық, сапалық құрамына және қауіпсіздігіне әсерін тигізді. Сапасыз тағамдарға байланысты аурулардың саны көбейіп кетті. Осыған байланысты шикізат сапасы бойынша шартты түрді пайдаланатын өнімдер ерекше талап етеді, себебі шикізат ресурстардың көпшілігі бір қатар көрсеткіштер сапасымен стандарттарға сай келмейді [2, 8].

Адам ағзасына тағам мен бірге көптеген химиялық және биологиялық табиғи негізіндегі түсетін бөгде заттарды ксенобиотиктер деп атайды. Адам жасаған әртүрлі табиғи және жасанды бөгде заттар оларды табуда және шикізат пен тағам өнімдерінде жіберілетін концентрациясының шекті мөлшерін анықтауда проблемаларды туғызады.

Сапасыз және қауіпті тағам адамның денсаулығы мен өміріне потенциалды қауіп тудырады [3,4,8]. Қоғамдық тамақтануда тағам өнімдерінде кеңінен таралған ластағыштар - токсикалық элементтер. Олардың көпшілігі барлық жерде микрокөлемде орналасады: судың асты мен үстінде, таулы жерде, топырақта, атмосфералық ауада, өсімдіктерде және жануарларда. Адам ағзасына олар су және тағаммен түседі. Топырақтың металлдармен ластанған сайын ауылшаруашылық өсімдіктерде және мал тегіндегі өнімдерде олардың мөлшері көбейеді. Тағам өнімдерінің құрамында ауыр металлдардың жоғары мөлшерде болуы адам денсаулығына қауіп тудырып, өткір хроникалық интоксикациямен, мутагенді, канцерогенді және эмбриотоксикалық эффектілерімен айқындалады [4,5,6,7].

Химиялық табиғи заттар тағамға пестицидтер және олардың метаболиттер түрінде түсу мүмкін, ал олардың қалдықтары жемістерде, көкөністерде, етте, балықта және сүтте болады.

Жоғарыда көрсетілгеннен басқа, тағам өнімдерінің негізгі ластағыштарына жабдықтар, су, шикізат, қораптар, жұмысшылар, және т.б.

Сонымен қатар технологиялық үрдістің әрбір сатысында санитарлық өңдеудің режимдерін, оның мерзімдік өткізілуін, жуғыш құралдарын дұрыс таңдау және дезинфекциялау

жоғары сапалы өнім шығарудың кепілінің басты факторы болып табылады [3,4,5].

Барлық азық-түлік өнімдерінің ішінде потенциалды қауіпті мал текті шикізаттар. Көбінесе бұл ет, сүт, балық, жұмыртқа, себебі адам аурулары 80% дан көпшілігі бірдей ауырғыш агенттерге байланысты. Көбінесе өндеудің әрбір сатысында, тағамның қауіпсіздігі қауіпті және зиянды ауру туғызатын микроорганизмдермен байланысты. Солайша қоғамдық тамақтану өндірістерінде сапаны көтеру және бәсекеге қабілетті тағам өнімдерін шығару тағам саласында күрделі орын алады. Сондықтан ғалымдардың, өндірушілердің, санитарлы-эпидемиологиялық қызметшілердің, мемлекеттік органдардың қатысуымен және тұтынушылардың талабымен шешілетін тағам өнімдерінің қауіпсіздік мәселесі өзекті болып табылады.

Жұмыс мақсаты: қоғамдық тамақтану өндірісінде өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және басқаруды зерттеу.

Сапалы және қауіпсіз өнімдерді өндіру – бұл кешенді міндет. Ал оны шешу үшін материалдық база және жоғары дәрежедегі персоналмен қатар сапаның эффектілі жүйесін қолдану қажет, себебі ол қауіпсіз тағам шығаруға ең жақсы кепіл болып табылады.

Басқа елдердің тәжірибелері бойынша азықтық нарықты реттеуге және сапалы қауіпсіз өнім шығару үшін заңдар, стандарттар, нормативті актілер шығарылып, тағам өнімдерінің сапасына қатаң талаптар қойылуы тиіс.

Қазақстан Республикасында тағам өнімдерін гигиеналық бақылаудың нормативтік және құқықтық базасы болып «Тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі» (21 шілде 2007 жыл, № 301) Республикалық Заңы, «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі» 21 шілде 2007, № 301- III ҚР Заңы, «2007-2024 жылда ҚР тұрақты даму концепциясына ауысу» 14 қараша 2006 жылғы, № 216 ҚР Президентінің Жарлығы жатады. Әртүрлі тағам өнімдерінің талабын анықтайтын маңызды құжаты ҚР СТ 1010 -2002 «Тағам өнімдері. Тұтынушыға ақпарат. Жалпы талаптар» № 539, 29 желтоқсанда 2003 жылы өз күшіне енді. Халықты қауіпсіз тағаммен қамтамасыз ету мақсатында тағам өнімдерін сертификаттау, ҚР МЕМСТ, «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі жөніндегі» ҚР Кодексі ең бастысы болып. Ал кейіннен осы заңдарды орындайтын бақылау жүргізуде [2,3]. Жоғарыда көрсетілгендерді ескере отырып, сонғы кездері Қазақстан өнеркәсіптерінің саны артуда. Кәсіпорындар ИСО 9000, 22000 және ХАССП принципті стандарттар негізінде сапа менеджментінің қазіргі заман жүйесін енгізуге қызығушылық танытып отыр. ИСО 9000 сериялы сапаны басқару жүйесі ең алдымен сапа менеджменті жүйесін жасауға бағытталған. Осындай жүйені енгізудің басты мақсаты сапалы және қауіпсіз өнімді шығару, ол нарықта көшбасшы болуға, өнімдерін Еуропаға шығаруды жеңілдету және оны беделді, тұтынушылар сеніміндегі ИСО 9001, ИСО 22000 және ХАССП жүйелерімен маркировкалауға мүмкіндік береді.

Тағам өнімдеріне қауіпсіз кепілдік беру үшін ХАССП жүйесін қолданады. НАССР бойынша қаралған жүйелік сәйкестендіру, қауіпті факторларды басқару бағасы тағам қауіпсіздігіне елеулі әсер етеді. Мемлекет тарапынан сапа мен қауіпсіздікті бақылау жүргізіледі. Өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін алдын-ала жасалған шаралар бағдарламасынан бөлек ХАССП жүйесі нақты өнімді, өндірістік желісін және өнімді өндіруге қатысты мәнді спецификалық қауіп-қатерлерді қарастырады.

ХАССП – қосымша спецификалық бақылау шараларын қолданатын, тағам қауіпсіздігінің жүйелік әдісі. Ол жеті принципке негізделген:

1. Қатерлердің талдауын жүргізу
2. Қатерлік бақылаушы нүктені анықтау (ҚБН – қатерлі бақылау нүктесі);
3. Қатерлік шаманы анықтау;
4. Қатерлік бақылаушы нүкте мен мониторинг жүйесін жасау;
5. Қатерлік бақылаушы нүктемен анықталған мониторинг деректері бақылаудан шыққан жағдайда түзетуші іс-әрекетті сипаттау жасалады;

6. ХАССП жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін верификациялау (талдау) тәртібін анықтау;

7. Осы қағидалармен оларды пайдалануға қатысты барлық рәсімдер мен мәліметтер жазбасын құжаттандыру.

Ережеге сай ХАССП жоспары төңірегінде қауіпті факторлардың үш түрі қарастырылады: микробиологиялық, химиялық, физикалық.

Микробиологиялық қауіп-қатер бактериялармен, вирустармен, зоонозды заттармен, микротоксиндермен байланысты болуы мүмкін.

Химиялық қауіп-қатерге келесі қауіптіліктің үш тобын жатқызуға болады:

- байқаусызда қосылған химикаттар: ауылшаруашылық химикаттары – пестицидтер.

Ветеринарлық препараттар жануарлар, антибиотиктер, тыңайтқыштар және т.б. үшін; өнеркәсіп химикаттары - тазартқыштар, дезинфекциялаушы құралдар, майлар, майлағыш материалдар, бояғыш заттар және т.б.; қоршаған ортаны ластаушы қоспалар – қорғасын, кадмий, сынап, мышьяк, радионуклидтер, диоксидтер, нитриттер, нитраттар және т.б.;

- қайта өңдеу үрдісінде түзілетін заттар – полициклическі, ароматты көмірсулар; байқаусызда қосылған химикаттар – консерванттар, қышқылдар, тағамдық қоспалар, антибиотиктер, нитриттер, нитраттар және т.б.;

- аллергиялар.

Физикалық қатерлер – бұл бөгде заттар олардың тағамда болуы қалыпты жағдай емес және де ауру туғызып немесе адам ағзасында бүлінулер болуы мүмкін.

Қауіпті қатерлерді талдау жүйесі мен қатерлік бақылаушы нүкте:

- сатып алу, қабылдау, сақтау, дайындау, қызмет көрсету, үздіксіз жүйені жасау - техникалық және ақыл-ой үрдістері;

- ағымдағы өндірістік үрдісте тағамдық өнімдердің ластану қатерін бақылау, мониторинг, идентификация үшін бағалаушы жүйе.

Қазақстан Республикасының «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі» заңына сәйкес қоғамдық тамақтану аймағында мемлекеттік бақылау қадағалау көлемі төмендетілсе, сапа мен қауіпсіздік жауапкершілігі өндірушіге жүктеледі.

Сонымен, азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздік стратегиясын тағам тізбегіндегі барлық сатыларымен деңгейлеріндегі химиялық және биологиялық ластанудың және заласыздандырудың алдын алуы айқындайды. Қоғамдық тамақтану өндірісінде өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекетпен қоғамның басты міндеттері болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мемлекет басшысы Нурсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2017 жыл 31 қаңтар <http://www.akorda.kz/>

2 ГОСТ Р 51705.1-2001. Системы качества. Управление качеством пищевых продуктов на основе принципов ХАССП. Общие требования. - Введ. 23.01.01. - Москва : Изд-во стандартов, 2009. - 12 с.

3 Технический регламент Таможенного союза ТР ТС 021/2011 "О безопасности пищевой продукции" (утв. решением Комиссии Таможенного союза от 9 декабря 2011 г. N 880). // Режим доступа: eurasiancommission.org/ru/act/techreg/deptexreg/tr/Documents/TR%20TS%20PishevayaProd.pdf.

4 Искакова М. Исследование остаточного содержания вредных веществ в мясных продуктах / М. Искакова, Я. Узиков, Ф. Диханбаева, А. Алмагамбетова, В.А. Буцик // Пищевая и перерабатывающая промышленность Казахстана. – 2009. – №4. – С. 20-21.

5 Никифорова Т.Е. Безопасность продовольственного сырья и продуктов питания: учебное пособие / Т.Е. Никифорова // ГОУ ВПО «ИГХТУ», Иваново. – 2007. – 132 с.

6 Покровский. В.И. Политика здорового питания. Федеральный и региональный уровни / В.И. Покровский, Г.А. Романенко, В.А. Княжев и др. –Новосибирск: Сиб. унив. изд-во, 2002. – 344 с.

7 Позняковский В.М. Гигиенические основы питания, безопасность и экспертиза продовольственных товаров / В.М. Позняковский. – 2-е изд. перераб. – Новосибирск: Изд-во Новосиб. ун-та, 1999. – 448 с.

8 Ребезов М.Б. Экология и питание. Проблемы и пути решения / М.Б. Ребезов, Н.Л. Наумова, Г.К. Альхамова, А.А.Лукин, М.Ф. Хайруллин // Фундаментальные исследования. – 2011. – № 8. – 2. – С. 393-396.

РЕЗЮМЕ

В статье приведены проблемы повышения качества системы обеспечения безопасности на предприятиях общественного питания. Представлены гигиенические нормативы контроля и правовая база безопасности пищевых продуктов Республики Казахстан.

RESUME

In this article has been shown main concepts of food safety, the ways of increase quality of the company catering and provide basic safety system. Regulatory and legal framework is a hygienic food control in the Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 005.521

А. А. Айсаева, экономика және бизнес кафедрасының магистранты

А. А. Айдаралиева, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы, ҚР

КӘСІПОРЫННЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Аннотация

Бұл мақалада кәсіпорынның тұрақты даму стратегиясын қалыптастырудағы тәсілдер қарастырылады. Басты назар осындай зерттеумен айналысатын шетел ғалымдарына назар аударылды.

Түйін сөздер: стратегия, тұрақты даму, бәсекелестік қабілет, қалыптастыру қағидалары, іске асыру шарттары.

Нарықтық экономиканың дамуымен, халықаралық бәсекелестікті арттыруымен, экономикалық қарым-қатынастардың жаһандануымен ғана дұрыс стратегиялық шешім таңдауға қажеттілік туындайды. Бұл шешім нақты бағдарламалар мен кәсіпкерлік даму жоспарларын оңтайландырады. Ол осы жағдайында кәсіпорындардың тұрақты даму стратегиясын әзірлеу ғылыми негізде жүзеге асырылуы тиіс екенін көрсетеді.

Keң мағынада алғанда, стратегия дегеніміз ол кәсіпорынның ұзақ мерзімге бағытталған қызметі болып табылады, сонымен бірге стратегияны кәсіпорынның алға қойған мақсаттарына жетуге бағытталған әдістер жүйесі ретінде анықтауға болады. Стратегияның тиімділігі және оның тиімді жүзеге асырылуы көптеген факторларға және шарттарға тәуелді, өз кезегінде, кәсіпорынның табысты қызмет етуі стратегияның тиімділігіне тікелей байланысты болып табылады.

«Кәсіпорындардың тұрақты даму стратегиясы» нені білдіреді? Бизнес-ортаның қандай әлеуетті мүмкіндіктері коммерциялық табысқа, кәсіпорындардың прогрессивті және тұрақты дамуын қамтамасыз етеді? Бұл дамуды не шектейді?

Біздің ойымызша, осы және басқа да сұрақтарға жауап ретінде стратегияны әзірлеудің қағидааттары мен талаптары, нақты шектеулердің жүйелілігі болып табылады.

Қазіргі экономиканың өзгерістері олардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған кәсіпорынның стратегиялық басқару ұғымдарын қайта қарастыруға соқтырады [1].

А.Б. Вишнякованың айтуынша, компанияның орнықты даму бағыттарының бірі болып жоғары сапалы басқару болып табылады. Бұл автор былай деп жазады: «басқару сапасы өзінің уақытылығымен, басқарылатын объектіге әсер ету жеткіліктілігімен және көзделген мақсатпен, сонымен қатар, нормативтік нәтижесімен сипатталады. Бүгін жоғары сапалы кәсіпорын басқаруды қамтамасыз ету, өте маңызды және ерекше мәнді болып табылады. Бұл проблеманы орталықтандырылған жоспарлы экономика жағдайында әзірленген ескі әдістермен шешу мүмкін емес. Басқару шешімдерін аналитикалық дайындаумен, оның сапасын арттырумен байланысты жаңа қағидааттар тереңдетілген диагностика, жедел-диагностика және функционалдық диагностика тұрақты даму стратегиялық бағыттарының дамуына қатысты нәтижесі болып келеді» [2].

Тағы бір автор Н.В. Шестерникова, кәсіпорындардың тұрақты даму ұйымдық мәдениетке байланысты екенін атап көрсетеді. Кәсіпорынның тұрақты даму стратегиясын

қалыптастыруда негізгі орын алатын экономикалық ұйымдастырушылық мәдениетінің басты элементтері:

- кәсіпорынның экономикалық ұйымдастырушылық мәдениеті (кәсіпорынның экономикалық қызметін ұйымдастыру мәдениеті);
- ұйымдастырушылық менеджмент мәдениеті (ұйымдастырушылық басқару мәдениеті);
- бизнестің экономикалық философиясы;
- маркетинг философиясы» [3].

Әлбетте «тұрақты даму стратегиясын» анықтау үшін тәсілдерді әртүрлілігі бар. Әртүрлі тәсілдерді қарастырғаннан кейін, біз «тұрақты даму стратегиясы» санатындағы ең толық мазмұны А.Б Вишнякова жұмысында көрініс табады деген тұжырымға келдік. Өнеркәсіптік кәсіпорынның «тұрақты даму стратегиясының осы санаты үшін тәсіл қазіргі заманғы өндірістік кәсіпорын өзгерту шарттарын төзетін ғана емес, сонымен қатар дәл болжамын жасауға және ақылға қонымды олардың қызметін жоспарлаған, экономикалық, әлеуметтік, саяси және басқа да іс-шаралар жиынтығы ретінде анықталады береді».

Кәсіпорындардың стратегиясы әртүрлі қағидаларға байланысты құрылады, басқару әдістердің негізінде - жүйелі, жағдайлық, процесс. Дегенмен біздің ойымызша, жалпыға бірдей қабылданған даму стратегиясының классикалық принципі ретінде - иерархиялық принципі болып табылады.

Тұрақты даму стратегиясын қалыптастыру кезінде әртүрлі деңгейдегі стратегия сәйкестігін және жинақтылығын қамтамасыз ететін шарттарды, талаптарды орындау қажет. Олардың интеграциясының түрі мен сипаты өте әр түрлі екенін есте ұстау қажет - кәсіпорынның түрі мен өлшемінен бастап, стратегия моделін қалыптастыру тәсіліне дейін (жүйелі, жағдайлық, процесстік және т.б.).

Осыған байланысты, «тұрақты даму» даму стратегиясына арналған талаптары мен өлшемдерін анықтау, өзекті мәселе және уақтылы міндет болып табылады, сондықтанда көптеген зерттеушілерді бұл қызықтырады. [3; 4; 5].

Дәстүр бойынша, компанияның даму стратегиясын тұжырымдамалық моделі келесі қадамдарды орнатады [4; 5]:

1. Бизнес ортасын талдау:
 - а) сыртқы орта (тікелей және жанама әсерлер);
 - б) ішкі орта (ресурстық әлеуеті мен оны іске асыру мүмкіндігі).
2. Бағытталған (мүдделі топтардың қарым-қатынасы).
3. Кәсіпорынның функционалдық стратегияларын тұжырымдау және стратегиялық тәртібінің бір немесе бірнеше аймақтардағы қызметін таңдау:
 - а) маркетинг стратегиясы;
 - б) қаржылық стратегиясы;
 - в) ғылыми-зерттеу және даму стратегиясы;
 - г) өндірістік стратегиясы;
 - д) әлеуметтік стратегия;
 - е) экологиялық стратегия;
 - ж) ұйымдастырушылық өзгерген стратегиясы;
- 3) адам ресурстар стратегиясы және т.б.
4. Кәсіпорынның стратегиясын жүзеге асыру механизмін анықтау.
5. Нәтиже мониторингі және бағалау, кері байланыс.

Ол осы қадамдардың іске асыру шеңберінде өтіп жатқан процестер күрделі екенін анық, сондай-ақ олардың тиімді іске асыру және үйлестіру принциптері мен критерийлерін нақты анықтау мүмкін емес. Біздің ойымызша, бұл мәселені шешу тұрақты даму стратегияларын әзірлеуге және жүзеге асыру қағидаларын мынадай жалпылама жіктеу ықпал етеді:

1. Ұйымның барлық иерархиялық стратегиясымен тұрақты даму стратегиясының сәйкестілік принципі (корпоративтік, бәсекелестік, функционалдық, операциялық). Бұл принцип жалпы стратегиясы мен даму стратегиясының мақсаттары мен фазаларының сәйкестік дәрежесін анықтайды.

2. Сыртқы ортадағы өзгерістердің кәсіпорынның даму стратегиясының қарым-қатынас принципін анықтайды: даму стратегиясының болжанған динамикасының макро және микро экономикалық көрсеткіштермен сәйкес болуы; ықтимал қатерлерден барынша азайту.

3. Өзінің ішкі әлеуетімен кәсіпорынның даму стратегиясының өзара сәйкестік қағидасы. Бұл принцип ішкі ресурстарды қалыптастыруға, білікті менеджерлерді дамытуға, қаржылық басқарудың ұйымдастырушылық құрылымына, ұйымдастырушылық мәдениет және кәсіпорынның ішкі әлеуетін басқа параметрлерге сәйкес мүмкіндігін анықтайды.

4. Шынайылық және іске асыру қағидасы. Инвестициялық жобаларды іске асыру кәсіпорынның стратегиялық мүмкіндіктерін айқындайды.

5. Стратегиясын іске асырумен байланысты тәуекелдердің қолайлы деңгейін анықтау принципі. Ол банкроттық қауіп тудыратын ықтимал шығын мөлшерін және осы кәсіпорын қызметі үшін тәуекелі қолайлы деңгейін анықтайды.

6. Коммерциялық және экономикалық тиімділік қағидаты. Мақсатты стратегиялық қондырғыларға, кәсіпорынның іскерлік беделіне, басқару деңгейін оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметінмен сәйкес келуін анықтайды.

Бұл қағидаларды стратегияны қалыптастыру кезінде, сонымен қатар ережелерді, тұжырымдамаларды және модельдерді стратегияны іске асырудың барлық кейінгі сатыларында ескеру керек.

Кәсіпорын стратегиясының тиімділігі оның ішкі және сыртқы ортасын жан-жақты талдауды қажет етеді. Сыртқы орта жағдайында келесі параметрлер бар:

1. Нарықты сипаттайтын көрсеткіштер: өнімді тұтынушылар санының өсуі; мемлекеттік тапсырыстың кері қайту (төмендету) ролі; нарық көлемі; саудадағы ынталандыру мен тосқауылдар; өнімді тұтынуда болашақ тұрақсыздық деңгейі; өндіруші монополистер немесе тұтынушылар қызығушылығының алғы шарттары.

2. Сыртқы ортаның ғылыми-техникалық қызығушылығын сипаттайтын көрсеткіштер: өнім сапасының деңгейі; өнімді жаңарту дәрежесі.

3. Сыртқы ортаның қаржылық аспектісін сипаттайтын көрсеткіштер: валюта тенденциясы; инфляция тенденциясы; баға белгілеу тенденциясы.

Аталған көрсеткіштер кәсіпорынның даму стратегиясын салыстырмалы түрде құруда өзара қарым-қатынасы мен даму перспективасының жағдайын экономика-статистикалық бағалауға мүмкіндік береді.

Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей нарықтық экономикасы дамыған елдерде корпорация мен кәсіпорындардың қызметінің ұзақмерзімді стратегиялық жоспарлауға мемлекеттің әсер ететіні белгілі. Ол жайлы мынандай теориялар қалыптасқан: америкалық кәсіпорындардағы ұсыныс экономикасы, скандинав елдеріндегі ынтымақтастық экономикасы, жапония кәсіпорындардағы өнеркәсіптің даму экономикасы, дамыған және т.б. елдерде сұраныс экономикасы. Микродеңгейдегі стратегиялық жоспарлау, шетелдік тәжірибе көрсеткеніндей, көптеген ішкі және сыртқы экономикалық үрдістердің, факторлар мен көріністердің қарым-қатынас негізінде болады.

Біріншіден, стратегиялық жоспар кәсіпорынның дамуына болашағы бар бағыттар ұсынады, кәсіпорын қызметінің негізгі түрлерін анықтайды, маркетингтік жобалық, өндірістік және қаржылық қызметті бір жүйеге үйлестіреді және де қажетті құрылымды жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, жалпы кәсіпорынның даму стратегиясы ұйымның барлық бөлімшелеріне нақты және анық мақсатты қояды.

Үшіншіден, ұйымның барлық қызметтік орындары жүйесін үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Төртіншіден, стратегиялық тәсіл кәсіпорын менеджерлерінің өз күштерінің мықты және осал жақтарын бәсекелестер көзқарастарымен, мүмкіншіліктермен, қоршаған ортаның өзгеруі мен шектелуін жақсы бағалауға ынталандырады.

Бесіншіден, жоспар ұйымның альтернативті қызметін ұзақ мерзімді кезеңге бағыттайды.

Алтыншыдан, шектелген экономикалық ресурстарды бөлу үшін негіз құрады.

Жетіншіден, жоспарлаудың, басқарудың, кәсіпорын қызметін бақылау мен бағалаудың негізгі қызметтерін қазіргі заманғы менеджментті бірыңғай жүйе ретінде тәжірибелік қолдануының маңыздылығын анықтайды.

Сөзімнің соңында компанияның тұрақты дамытуға бағытталған стратегиясын қалыптастыру үшін мақсатты түрде халықаралық ұсынымдарда баяндалған тәсілдерді қолдану қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мамонтов В. Д. Российское предпринимательство: тенденции движения к новой экономике [Текст] / В. Д. Мамонтов, Т. Г. Осадчая. // Социально-экономические явления и процессы. – Тамбов, 2011. – № 9. – С. 327.
- 2 Вишнякова А. Б. Совершенствование инструментария разработки стратегии развития промышленного предприятия [Текст] / А. Б. Вишнякова // Вестник ОГУ. –2008. -№ 4. –С. 91-97
- 3 Шестерникова Н. В. Механизм формирования стратегии устойчивого развития предприятия на основе сбалансированной системы показателей [Текст] / Н. В. Шестерникова // Экономика и финансы. Вестник Нижегородского университета им. Н. И. Лобачевского. – 2008. – № 3. – С. 186-193.
- 4 Кытманов А. В. Как и для чего мы учимся : учебное пособие / А. В. Кытманов. – Ижевск, 2005. – С.74-76.
- 5 Перевертова Т. А. Механизм координации и управления предприятиями сахарной промышленности [Текст] / Т. А. Перевертова // Гуманитарные науки. – Тамбов, 2008. – С. 141.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются подходы к разработке стратегий устойчивого развития предприятий. Основное внимание уделяется обобщению и систематизации опыта отечественных и зарубежных ученых, занимающихся данной сферой исследования.

RESUME

The article considers approaches to development of strategy of sustainable development of the enterprises are considered. The main attention is paid to the generalization and systematization of the experience of domestic and foreign scientists engaged in this field of research.

ӘОЖ 314.15

Н. А. Аتكешева, экономика және бизнес факультетінің магистранты
А. А. Айдаралиева, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

ҚАЗІРГІ ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Мақалада Орта Азия өңіріндегі, соның ішінде Қазақстандағы еңбек миграциясы және оның ішкі қарама-қайшылықты жақтары мен негізгі мәселелері қарастырылды. Басты назар осы саладағы отандық және шетел ғалымдарының зерттеулеріне аударылды.

Түйін сөздер: еңбек миграциясы, еңбек мобильділігі, донор ел, қабылдаушы ел, мигранттар, жұмысберушілер.

Қазіргі жас тәуелсіз мемлекеттер бұрынғы ортақ отанның тез арада ыдырауынан кейінгі онжылдықта барлығы да терең экономикалық дағдарысты, әлеуметтік-саяси, стратификациялық қайта құрылуды, құндылықтардың түбірлі өзгерістерін бастан өткізді. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы деп аталған және осы кеңістікте өзіндік саяси-экономикалық мәні бар әлемдік өңірдің бірінің пайда болуына қарамастан, оның құрамына енген мемлекеттердің даму деңгейі соңғы онжылдықта өзінің әрқелкілігімен ерекшеленуде. Аты «Орта Азия» деп аталғанымен заты территориясының басымын азиялық кеңістік құрайтын Ресей елін қоса қамтыған осы бір территориялық-географиялық, саяси-экономикалық кеңістікте еңбек нарығының өзіндік сипаты пайда болды. Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдеріндегі саяси тұрақсыздықтар мен экономикалық артта қалушылықтар отбасылары мен жеке тұлғалар арасында қазіргі жағдайдағы кездесіп отырған қалың жұмыссыздық пен кедейшілікті тудырды.

Еңбекке жарамды жастар арасында өз еліндегі игілікті ертеңіне сенімсіздікті арттырып, оларға жақын және алыс елдерге жол тартқызды, еңбек көші-қоны легін тудырды. Еңбек миграциясы тұрғысынан қарағанда Ресей мен Қазақстан қабылдаушы елге айналды.

Еңбек мигранттары мен басқа да жаңа қонысқа көшіп-қонушылардың территориялық қозғалысын ұйымдастырудың неғұрлым жетілдірілген жолдары да бар. Халықтың тығыздығына және адамдардың сұранысына байланысты Ресей мен Қазақстанға және басқа ТМД еліне қайта оралуға ниет білдірген неміс азаматтарын Германияда мемлекет және мемлекет қолдаған үкіметтік емес ұйымдар өз қолдарына алуда[1]. Олар, айталық, Қазақстанның орталық және өңірлік басқару жүйелерімен, қазақстандық жұмыс берушілермен алдын ала байланыс жасай отырып, болашақ мигранттарды қажетті ақпаратпен толыққанды қамтамасыз етеді, көшіп қонушылардың мемлекетаралық қозғалысын, жоспарланған жаңа қонысқа жетуін, орналасуын тек қадағалап қана қоймай, қаржы жағынан қамтамасыз еуде. Шет елге жол тартқан отандастарының тағдыры үшін мүдделілік танытылуда. Сөзсіз, еуропалық мигранттардың біліми-мәдени деңгейімен бірқатар жеткіліксіз дамыған елдер еңбек мигранттарының білімі, жалпы мәдениеті мен кәсіби деңгейі арасында елеулі айырмашылықтар да бар.

Қазақстанға көршілес, тарихи тағдырлас елдердегі кедейшілік еңбек ресурстарының эмиграциялық қозғалысына, оны саналы және заңды түрде ұйымдастыру жұмыстарына зор проблемалық сипат беріп отыр. Кәсіби және қаржылық шектелушілік еңбек көші-қонын жеткілікті реттелмеген құбылыс етіп, оның салдарлары жасырын, заңнан тыс жатқан қозғалыстардың, еңбек мигранттарының тұрмыс-тіршілікке қауіп-қатер құбылыстарының туындауына негіз беріп келеді. Сол себепті еңбек миграциясы тек экономиканы дамыту және кедейшілікті азайту факторы емес, ең алдымен ұлттық қауіпсіздік мәселесі ретінде бағалануда, соған сай қабылдаушы мемлекет тарапынан тиісті шараларды қолданылуына әкелуде.

Қазақстан Республикасы Орта Азия елдерінің бірі. Басқа өңірлес көрші елдермен салыстырғанда жоғары дамыған мемлекет ретінде тек миграция мәселесінде ғана емес, жалпы өңірлік мәселелерді реттеуде шешуші факторға айналды. Өзінің салиқалы, ғылыми-практикалық негізделген ішкі және сыртқы саясаты арқылы Қазақстан бүкіл өңірді әлемге жатымды жағынан танымал етті және сыртқы халықаралық ірі саяси-экономикалық күштердің бұл өңірге байсалдылықпен, өркениеттілікпен қатынасуына да зор ықпал етуде.

Орта Азия өңіріндегі еңбек миграциясы, оның ішкі қарама-қайшылықты жақтары мен болашағы 29-31 наурызда Астана қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық еңбек ұйымының ұйымдастыруымен және Еуропалық Одақтың қаржылық қолдауымен өткен Субөңірлік симпозиумында мемлекет аралық деңгейде терең талқыланды. Симпозиумның басты назарға алғаны – атқарушы үкіметтер, жұмыс берушілер және еңбек мүддесін қорғаушы кәсіподақтардың, яғни үш жақты тараптардың еңбек көші қоны мәселесін реттеуге тікелей қатынасын, олардың өзара әлеуметтік әріптестігін орнату. Шараның басты мәні – еңбек миграциясының экономиканы дамытушы фактор ретінде танытуы және соған сай қабылдаушы мемлекеттер аясында еңбек мигранттарының құқықтық және әлеуметтік қорғалуының қамтамасыз етілуі.

Сөз жоқ, қойылым өркениеттілік рухына, еңбек іздеуші және еңбек етуші индивидтер мүддесіне сай. Донор елдер мен қабылдаушы елдер мүдделері бұл мәселеде ортақ. Алайда осы адам үшін игілікті сұраныстарды қабылдаушы қоғамдар тарапынан іске асыруға бөгет болып отырған әлеуметтік шындықтардың да бет-жүзі мен түп тамыры ашыла түсті. Өмір шындығының дәлелі ретінде әлеуметтік фактілер алға тартылып, тараптар жағынан жағдайды терең түсіністікпен талдауға, талдау арқылы жақын болашақты болжауға және сол негізде нақты шаралар мен шешімдерді жүйелеуге жол ашты. Ол қандай шындықтар?

1. Көрші тарихи тағдырлас, территориялық-географиялық өңірлес мемлекеттердің мемлекеттік бюджетінен осы елдерден сыртқа шыққан еңбек мигранттарының елге әкелетін пайдасының елеулі деңгейде артып түсіп жатқаны. Бұл, екінші жағынан, елдегі кедейшіліктің де өзіндік өлшемі.

2. Еңбек миграциясының бұл елдердегі жұмыссыздықты азайтудың, жүздеген отбасыларының күнкөрісін қамтамасыз етудің аса маңызды жолы болып отырғандығы.

3. Еңбек миграциясы донорлық әлеуметтік орталар үшін орта және шағын бизнесті дамытудың да маңызды көзіне айналған.

4. Аталған елдердегі экономикалық және саяси ахуал түзеліп, жұмыс күшіне ішкі

сұраныс артыла қалған жағдайда елінің сыртында жүрген еңбек миграциясы өкілдері өз отаны үшін білікті еңбек ресурсына айнала алады.

5. Күн көріс үшін, отбасының қамын ойлап және өз мүмкіндігін іске асыру ортасын іздеп шет елге шыққан отандастары тағдыры үшін қамқорлық таныту, қабылдаушы тараптармен бұл мәселені талқылау және оның өркениеттілікпен шешілуіне қол жеткізу – қазіргі мемлекетаралық қатынастардың маңызды саласы және бұл қабылдаушы елдің де мүддесінде [2].

Біріккен Ұлттар Ұйымы, оның еңбек саласындағы өкілетті ұйымы Халықаралық еңбек ұйымының Орта Азия өңіріндегі еңбек миграциясына назарының артуы да қазіргі жаһандандық арақатынастар талаптарына сай келеді. Аталғандарға қоса, экономикалық жоғары дамыған елдердегі қартаю үрдісінің артуы, демографиялық өсім активтілігін сақтап отырған Орта Азияның өскелең еңбек ресурсына назар аудартып отырғаны да шындық.

Біздің түсінуімізше, еуразиялық өңірдің өз арасындағы еңбек ресурсына мұқият көзқарасы мен қатынасы қажет. Бұл таусылмайтын ресурстық көз бола бермеуі мүмкін. Оның үстіне қазіргі қабылдаушы елдердің территориялық іргелес жатқан және менталитеті жақын еңбек ресурстарына сұраныстарының азаюы екіталай. Оған дәлел ретінде келесі бір фактіні атай кетуге болады: Ресей мемлекетіне 2010 жылы 13,5 миллион еңбек мигранттары келсе, 9 миллион еңбек субъектісі сыртқы елдерге жол тартқан. Яғни, еңбек ресурстары мен миграциясы тек жеке тұлғалардың немесе жеке мемлекеттердің ғана мәселесі емес, әлемдік өңірлердің арақатынасына қатысты ірі мәселердің бірі. Сол себепті де ол елеулі ғылыми танымдық құбылыс [3].

Назарымызды енді Орта Азия өңіріндегі еңбек миграциясының жоғары мәдениетін қамтамасыз етуге не бөгет болып отырғанына аударайық. Алдымен, бағыттаушы донор елдер тарапынан:

1. Еңбек көші-қоны ресурсының территориялық қозғалысы бағытталған елдердегі еңбек сұранысы туралы, қайда және қаншама жұмыс орындары бар, қандай мамандықтар мен еңбек күштеріне, мамандарға сұраныс артып отырғаны туралы жан-жақты және жүйелі ақпарат ала алмай отырғаны. Әсіресе орталық қалалардан тыс жатқан елді мекендерде;

2. Донор елдің ресурстық еңбек күшін сыртқа бағыттауды өркениеттілікпен және тиімділікпен ұйымдастыратын және мемлекеттік бақылау және реттеумен қызметі үйлестірілген институционалдық жүйе ретінде қалыптаспаған. Жекелеген жеке меншік орталықтар қарапайым еңбеккерлердің мүддесінен гөрі өз мүддесін жоғары қойып келеді. Бұл заңсыз және жасырын миграциялық қозғалыстардың толастамай отыруының бір себебі.

3. Тұрмыс-тіршілік қамымен шекара аспақшы азаматтарды баратын елдің заңдарымен, нормалық негіздермен, еңбек рыногындағы ерекшеліктермен жете таныстыру және денсаулығы мен біліктілігі туралы құжаттарды даярлау мен рәсімдеу ісінің қолжетімділігі қамтамасыз етілмеген.

4. Болашақ еңбек мигранттарының кәсіби біліктілігі негізінен төмен, өз елінде оларды кәсіби даярлау мәселесі реттеліп шешілмеген. Тек Ресей мен Қырғыз елінде өзара бірлесе отырып сұранысты жұмысшы мамандықтарына даярлау мәселесі қарастырылуда. Егер Ресей елінде 500 мың Қырғыз елі азаматтарының еңбек ететінін (Қазақстанда 50мың) ескерсек, бұл қадамның екі жақ үшін де маңызды екенін түсіну қиын емес.

5. Қабылдаушы елдерде еңбек миграциясы мәселесін өркениеттілік негізде шешуге жоғарыда аталған реттелмеген жағдайлар зор бөгет жасап отыр. Жасырын және басқа да заңнан тыс жатқан миграция мен кәсіби біліктіліктің жеткіліксіздігі бірқатар еңбек адамдарын адам саудасының, қанаудың объектісіне айналдырып, қылмыстық әрекеттерге итермелеуде [4].

Орта Азия республикаларының саяси-әлеуметтік тіршілігі тұрақсыз, экономикалық дамуы жеткіліксіз және діни экстремистік күштердің ықпалдылығы байқалып келе жатқан қоғамдармен іргелес жатуы да еңбек миграциясы мәселесін ұлттық қауіпсіздік пен ұлтаралық мәселесімен қатар қойғызып келеді.

Қазіргі қалыптасқан өңірлік жағдай қабылдаушы елдердегі еңбек нарығын қорғау мәселесін де өзекті етіп қалдыруда. Мәселен, Қазақстанның Жұмыс берушілер Федерациясының Қазақстан Республикасында 2,7 миллион өзін-өзі асыраушы, яғни, қоғамдық ұйымдасқан еңбектен тыс жатқан еңбек ресурсы мен еңбекке жарамды адамдардың 6 пайызы жұмыссыз отырған жағдайында жұмысберушілердің олардың ең алдымен отандық еңбек

ресурсының мүддесін іске асыруға тырысатынын мәлімдеуі және бағыттаушы тараптар алдына еңбек ресурсын кәсіптік даярлауға тиісті мән беруге, жасырын миграцияға тосқауыл қоюға шақыруын орынды деп есептейміз.

Сонымен қатар қазақстандық қоғамда отандық іскер ортаның әлеуметтік жауапкершілігін арттыру да өткір өміршең мәселе. Арзан жұмыс күшіне қызығушылық бірқатар жұмыс берушілерді мемлекеттік заңдылықты айналып өтуге, отандық жұмыс күшінің мүддесіне немқұрайлы қарауға алып келуде. Еңбек қауіпсіздігін толық қамтамасыз ету, еңбеккерлердің денсаулығы мен тұрмыстық-санитарлық жағдайына көңіл бөлу, сырттан енген қылмыстық элементтердің елдегі еңбегін шектеу сияқты мәселелер әліде өзінің өзектілігін сақтап, мұндай құбылыстарға мемлекеттік бақылауды арттыру арқылы реттеу қажет болуда.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының мемлекеті миграция, соның ішінде еңбек миграциясына зор мән беріп отырғанын, 2012 жылдарға дейінгі қабылданған мемлекеттік Миграция Концепциясының негізінен халықаралық нормалар талаптарына және мемлекеттің өзіндік ішкі сұраныстарына сай жасалғанын атап айту керек. Миграция туралы мемлекеттің Заң жобасы қазіргі уақытта жоғарғы мемлекеттік заң шығару органында – Парламентте талқылануда. Мәселе мындаған, миллиондаған адамдар тағдырына және мемлекетаралық қатынастарға, қазіргі әлемдегі елеулі өңірдің бірінің әлеуметтік қатынастарына, кедейшілікті азайту және еңбек пен еңбекшілерге қатынас туралы болып отырғандықтан Қазақстанның жаңа заңының мәні тек Қазақстан үшін ғана маңызды емес [5].

Біздің пікірімізше Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері еңбек миграциясына байланысты бірқатар мәселердің әлі де сақталып отыруына қарамастан, аталған қоғамаралық мәселені заңдылық негізге қоюда, бар мәселерді мемлекеттік бақылау жағдайында реттеуде және процесті ізгілендіруде бірқатар жатымды тәжірибе жинақтап үлгерді. Халықаралық еңбек ұйымының соңғы үш жыл барысындағы Орта Азия өңіріндегі еңбек көші-қонын терең зерттеуі бұл жинақталған тәжірибелерді назарға алдыруға тиіс. Алайда әртүрлі себептерге байланысты әлі де шешімін таппаған мәселелер баршылық. Еуразиялық Экономикалық Одақ және Қазақстан, Ресей мен Беларусь елдерінің біртұтас экономикалық аймақ құруына байланысты еңбек миграциясын заңдандыру және реттеу мәселесі тіптен сұранысты бола түсуде.

Адам құқын қорғаушы халықаралық құжаттардың маңыздылығын ескере отырып, ең алдымен ТМД елдері еңбек миграциясы мәселесін өркениеттілікпен шешуге бағытталған, әлем елдерінің көпшілігі үшін қолайлы стандарттық негіздерді, ережелерді толыққанды бейнелей алатын жаңа Еңбек Конвенция жасалуы қажет деген қорытынды жасаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Долгучиц Л.А. Иммигранттардың ғаламшары / Л.А. Долгучиц // М.:Жас гвардия. – 1990. – 20 б.
- 2 Денисенко М.Б. Уақытша міндетін атқарушы миграция / М.Б. Денисенко //Халықаралық миграция және қазіргі әлем, шығарылым журнал. – 2001. – 11 б.
- 3 Ионцев В.А. Халықаралық халықтардың көші-қоны: теория және тарих / В.А.Ионцев. – М: 1999. – 17 б.
- 4 Дежин И. Ресейден "ақылдардың ағып кетуі": аңыз және нақтылық / И. Дежин. // "Ғылым жүргізу" журнал. – 2003. – 5 б.
- 5 Демоскоп журнал интернет – Weekly, <http://demoscope.ru>.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные вопросы и стороны конфликта трудовой миграции в Центральной Азии, в том числе в Казахстане. Основное внимание уделяется обобщению и систематизации опыта отечественных и зарубежных ученых, занимающихся данной сферой исследования.

Ключевые слова: трудовая миграция, трудовая мобильность, страна-донор, принимающая страна, мигранты, работодатели.

RESUME

The article examines the key issues and conflict sides of labor migration in Central Asia, including Kazakhstan. The main attention is paid to generalization and systematization of experience of the domestic and foreign scientists who are engaged in this sphere of research.

Keywords: labor migration, labor mobility, donor country, host country, migrants, employers.

УДК 346.7: 332.8

Н. Н. Войновский, аспирант

Одесский региональный институт государственного управления Национальной академии государственного управления при Президенте Украины, г.Одесса, Украина

ОРГАНИЗАЦИОННЫЙ МЕХАНИЗМ УПРАВЛЕНИЯ МНОГОКВАРТИРНЫМИ ДОМАМИ В УКРАИНЕ

Аннотация

В работе раскрываются основные варианты управления многоквартирными домами в Украине в связи со вступлением в силу нового законодательства и проведением широкомасштабной реформы управления жилым фондом. Рассматриваются: вариант самостоятельного управления домом совладельцами, вариант управляющей компании, а также вариант объединения совладельцев многоквартирного дома (ОСМД).

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық табысты дамуының негізгі индикаторы жалпы өңірлік өнімнің (ЖӨӨ) өсуі болып табылады. Облыстың индустриалдық кешенінің негізі тау-кен өнеркәсібі болып табылады (жалпы өндіріс көлемінің 90,1%), оның дамуы әлемдік мұнай нарығының баға конъюктурасына және шикізатты өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты. 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда газ конденсатын өндіру көлемдерінің 4,6%-ға, табиғи газ – 3,6%-ға ұлғайғаны байқалды [2].

Батыс Қазақстан облысы экономикасында ауыл шаруашылық өндірісінің үлесі басым. Мұнда астық егу, жайылымдық мал шаруашылығы, етті-сүтті сиыр өсіру дамыған. Облыс шаруашылығының негізгі саласының бірі — өнеркәсіп. Облыста мұнай, газ өндіру, металл өңдеу және машина жасау, тамақ, жеңіл, құрылыс материалдары, ауыл шаруашылық техникасын жөндеу, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету, т.б. салалар жақсы дамыған. Ірі өндірістерден Қарашығанақ газ-конденсат комбинаты, “Металлист”, “Зенит”, “Металл өңдеу”, “Омега” зауыттары, жеңіл және тамақ өнеркәсібінде “Надежда” тігін-тоқыма комбинаты, былғары аяқ киім зауыты, аң терісін өңдеу, балық комбинаттары, арақ-шарап, сыра зауыты, нан комбинаты, сондай-ақ, “Жайықжылу жарық”, Оралоблгаз, “Диана”, “Орал-Алма”, “Нұржанар”, Оралагрореммаш, т.б. кәсіпорындары жұмыс істейді [2].

Облыс аудандарының аумағы өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы салаларын дамытуға мүмкіндік беретін ресурстық әлеуетке ие.

Бөрлі ауданында ірі Қарашығанақ мұнай-газ конденсат кен орны және Ақсай бор кен орындары бар.

Зеленов ауданында Чинарев мұнайгаз конденсат кен орны игерілуде, құрылыс құмын, құмды-қиыршық тас қоспасы, сазды (кірпіштік) шикізатын, Погодаев кен орнында керамзит сазын, Цыганов кен орнында кварцты құмын барлау және өндіру жұмыстары іске асырылуда.

Облыстың Ақжайық ауданында «Сатимола» борлы-калий тұз кен орны, «Индер» кен орнында құмды-қиыршық тас қоспасы мен құм игерілуде.

Теректі ауданындағы Түксай кен орнында сазды керамзит шикізатын, цемент шикізаты бар Ақсуат кен орнында борды, Ақжайық кен орнында минералды суды және басқаларын өндіру ұйымдастырылған.

Тасқала ауданындағы Семиглавый Мар кен орнында бор, сазды шикізат және опока

қорлары бар, гидравликалық қоспа ретінде Шипов кен орнында табылған кремний сазын пайдалануға болады.

Зеленов, Теректі, Тасқала, Сырым және Бөрлі аудандарының ауыл шаруашылығы алқаптары өсімдік шаруашылығы саласын дамытуға мүмкіндік береді. Ақжайық, Бөкей ордасы, Жаңақала, Жәнібек, Қаратөбе және Казталов аудандары мал шаруашылығын дамыту үшін жем-шөптік ауыл шаруашылығы алқаптарына ие.

Өндіріс көлемінің өсімі салалар бойынша: мұнайды қайта өңдеу өнімдерін өндіру – 7,3 %-ға, басқа да металл емес минералды өнімдер – 35,9%-ға, металлургия өнеркәсібінде 2,8%-ға, машина жасау – 17,9%-ға ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді.

Өнеркәсіп – халық шаруашылығының маңызды саласы болып табылады және қоғамдағы өндіргіш күштердің даму деңгейін шешуіне әсер етеді. 2015 жылы Батыс Қазақстан облысының өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1302 млрд теңгені құрады. Батыс Қазақстан облысы дамыған өңірлердің бірі болып табылады. Облыстың өндірістік әлеуеті, бұл – өнеркәсіп пен аграрлық өндірістің көпсалалы құрылымы, тиісті өндірістік қуаттардың бар болуы.

«Сыбаға» бағдарламасы жүзеге асырыла бастағаннан бері 380 шаруа қожалығы 3,8 млрд. теңге несие алып, 19,7 мың аналық мал басы мен 809 асыл тұқымды бұқашық сатып алды. 1990,5 тонна ет және ет өнімдері экспортталды. Осы көрсеткіш бойынша облыс республика бойынша алдыңғы қатарда.

Шағын және орта бизнес кәсіпорындарында экономикалық белсенді халық санының 29,5%-ы (2015 жылдың 1 қаңтарына – 98,2 мың адам) жұмыс істейді, жыл ішінде 4,9 мың адам жұмысқа орналасты. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен 1183,7 млрд.теңгеге тауар (жұмыс, қызмет) өндірілді, бұл 2014 жылғы деңгейден 6,1%-ға аз [3].

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен өндірістік инфрақұрылымды дамытуға – 657,3 млн.теңге, жекеменшік кәсіпкерлікті қолдауға 1054,8 млн.теңге көлемінде нысаналы трансферттер бөлінді. Бағдарламаның бірінші және үшінші бағыттары шеңберінде Өңірлік үйлестіру кеңесімен жалпы сомасы 9,4 млрд. теңгеге 123 жоба мақұлданды.

Облыстың құрылыс индустриясын силикатты және керамикалық кірпіш, темірбетон бұйымдары, тауарлық бетон, кеуекбетон, ағаш бұйымдары, құмды-қиыршықтас қоспалары, металқұрастырмалары, сэндвич-панель, профлист, металжабынқыштар, терезе, есік және т.б. тауарларды өндіретін кәсіпорындар құрайды. Тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасын іске асыру шеңберінде 766 мың шаршы метр салынып, пайдалануға берілді.

Орта мерзімді кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі мақсаты – бұл Қазақстан Республикасын дамытудың «Қазақстан-2050 стратегиясының» жаңа бағытын «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясатын және жаңа құрылымдық экономика моделін қалыптастыруды ескере отырып, іске асыруды жалғастыру, экономиканың оң қарқынын сақтау, одан әрі өсу үшін жағдай жасау және әлемнің 30 дамыған мемлекеттер қатарына жылжытуды жалғастыру [1].

2015 жылғы Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына жолдауы ғаламдық қаржылық-экономикалық дағдарыс жағдайында Қазақстан экономикасында құрылымдық реформаларды жалғастыруға бағытталған жаңа ауқымды даму бағдарламасы болып табылады.

Өсімдік шаруашылығы саласындағы бюджеттік саясат:

- ауыл шаруашылық дақылдарының өндірісін субсидиялауға;
- минералды тыңайтқыштар мен гербицидтерді сатып алу бойынша шығындарды субсидиялауға;
- ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын азайтуға;
- жеміс-жидек дақылдарының көп жылдық көшеттерін отырғызу және өсіру бойынша шығындарын ішінара өтеуге;
- тұқым шаруашылығына қолдау көрсетуге;
- ауыл шаруашылығы дақылдары зиянкестерімен күрес шараларын жүргізуге бағдарланады;

Экономикалық саясаттың мақсаты – Батыс Қазақстан облысының бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызмет көрсетулер өндірушісі болып қалыптасуға септігін тигізетін, мемлекеттік

басқарудың тиімді жүйесі бар сапалы, теңдестірілген экономикалық өсім.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық тіршілігін жандандыруда шағын және орта кәсіпкерлік маңызды рөл атқарады. Елбасы «Қазақстандық жол – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында ХХІ ғасырда Қазақстанды индустриалдық және әлеуметтік жаңғыртуда шағын және орта бизнесті дамыту басты құрал болып табылатынын атап көрсетті. Сондықтан аталмыш секторды қолдауға баса назар аударылатын болады.

12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу үшін база қалыптастыру және құру, жалпы білім беретін мектептердің жоғары саты оқушыларына көп деңгейлі бағдарлы білім беру жүйесін дамыту негізгі міндеттер болып табылады, оның нәтижесінде Қазақстан Республикасы әлемдік білім беру кеңістігіне енеді деп күтілуде.

2014 жылғы 17 қаңтардағы Президенттің Жолдауында *денсаулық сақтау* саласындағы басты басымдық алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту болып айқындалды. 2020 жылға дейінгі кезеңде денсаулық сақтау саласының негізгі міндеті профилактикалық медицинаны және денсаулық сақтаудың әлеуметтік бағыттылығын неғұрлым нығайту, сапалы және қолжетімді медициналық қызметтердің ұсынылуын қамтамасыз ету болмақ.

Осы мақсатта қоғамдық денсаулық сақтауды қорғау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимыл тиімділігі арттырылады, профилактикалық шаралар, скринингтік зерттеулер күшейтіледі, негізгі әлеуметтік маңызы бар ауруларды диагностикалау, емдеу және оналту жетілдіріледі, электрондық денсаулық сақтау дамытылады.

Жоғарыда аталған шаралар ана мен нәресте және жалпы өлім-жітімді төмендетуге, күтілетін өмір сүру ұзақтығын арттыруға ықпал ететін болады.

Қазіргі әлеуметтік-демографиялық жағдай сақталған жағдайда облыс тұрғындарының саны 2020 жылы 660,5 мың адамды, соның ішінде экономикалық белсенді халық саны – 333,5 мың адамды құрайды [3].

Болжамды мәліметтер бойынша 2020 жылы экономика саласында жұмыс істейтіндер саны 315,2 мың адамға дейін артады, жұмыссыздар саны 16,5 мың адамды құрайды. Жұмыспен қамту бағдарламасының іс-шараларын іске асыру жұмыссыздық деңгейін 5,0% шамасында сақтауға мүмкіндік береді [3].

Жұмыспен қамтудың белсенді шараларын қолдану есебінен ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен тұратын халықтың үлес салмағын 3,0%-ға дейін төмендету жоспарлануда.

Орташа айлық еңбекақы 2020 жылы 123 765 теңге деңгейінде болжамдалуда.

Қазіргі таңда дағдарыстан кейінгі дамуда аймақтық саясаттың болашақтағы бағыты – бұл өнеркәсіп кешенінде жылдамдатылған жаһандануды қолдау, мемлекеттік билікті орталықсыздандыру, сапаны жақсарту және тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру, Қазақстанда толықтай, сонымен қоса жеке аймақтарда экономикалық өсу.

Әлемдік шаруашылықтың түпқазығы – бизнес. Себебі, кез келген мемлекет сауда қатынастарын жоққа шығара алмайды. Сол сияқты біздің облысымыз да өзіндік шағын нарығы бар, кең қанат жайып келе жатқан әлемдік нарықтарға қол жеткізуді мақсат етіп отырған аймақтардың бірі. Осы тұрғыда «Мемлекеттік үдемелі индустриалды-инновациялық дамыту» бағдарламасы еліміздің жетекші елдер үлгісі бойынша жаңа жүйеге көше отырып, облысымыздың экономикалық даму бағытына жол сілтері анық.

Батыс Қазақстан облысының 2011-2015 жылдардағы даму бағдарламасын жүзеге асырудағы маңызды нәтиже – қарастырылған шараларды бюджеттендіру жолымен жүзеге асыру болып табылады. Мақсатқа жету үшін республикалық және жергілікті бюджеттің қаражаттары, сондай-ақ басқа көздерден инвестициялар тартылады. Облыста 2015 жылға дейін дамыту бағдарламасына сәйкес аудандар мен қалаларды дамытудың бесжылдық кезеңге арналған бағдарламаларының жобалары жасалып, олар облыстық құрылымдармен келісілген. Республикада жүргізілген экономикалық реформалар облыс экономикасының нақты секторының қарқынды дамуына жағдай жасады [4].

Батыс Қазақстан өңірі. Еуразиялық кеңістікте сапалы қаржылық, ауылшаруашылық, инновациялық-білім, көлік-логистикалық, сауда-дистрибуторлық, сервис-технологиялық және рекреациялық қызметтерді көрсететін халықаралық экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың аса маңызды торабы ретінде болады.

Батыс Қазақстан облысы ауылшаруашылық өнімнің және оны өңдеу өнімдерінің аса ірі өндірушісіне, өңдеу өнеркәсібі қарқынды дамып келе жатқан өңірге, халықаралық сауда, көлік-

логистикалық қызметтер мен туризм орталығына, инфрақұрылымы дамыған және өмір сүру деңгейі тұрақты түрде өсетін аумаққа айналады.

Барлық салалардағы негізгі мәселелерді ескере келе, Батыс Қазақстан облыстың әлеуметтік-экономикасының әрбір саласына кәсіби маман тапшылығына әкеліп тіреледі. Ал, түлектердің басым көпшілігі ауылдық жерлерге барып жұмыс істеуге қаржылай ресурстардың себептерінен бас тартуда. Сондықтан, жоғары оқу орнын бітіруші түлектерге ауылдық жерлерде жұмыс жасауға үгіт насихатты күшейту керек және жас мамандарға мемлекет тарапынан берілетін қолдауларды түрлерін көбейту керек. Осы тұста ұсыныс ретінде айта кететін жағдай ЖОО бітірген түліктерді жұмыспен қамтуды күшейту. Өйткені көптеген мекемелер жұмысқа қабылдау кезінде кез келген маманның еңбек стажына көп көңіл аударады. Ал, жаңадан бітірген түлектердің еңбек стажының жоқтығына сәйкес, жұмысқа орналасуына көп кедергі келтіреді. Бұл жағдай жұмыссыздықтың көбеюіне әкеліп соқтырады. Біздің ойымызша, жас түлектерді жұмысқа орналастыруда әрбір мекемеге заңды түрде жүктесе, аз да болса жұмыспен қамту мәселесі шешілетін еді. Бұл экономиканың кез келген саласына аз да болса кері әсерін тигізеді. Сондай-ақ, мемлекет экономиканың әр саласының қолдау бағдарламаларын халыққа түсінікті түрде насихаттау керек және олардың жүзеге асырылуын қадағалау керек.

Батыс Қазақстан облысының экономикасының дамуына барынша ат салысу керек. Сондай-ақ, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы, отандық және шет елдік инвесторларды тарту арқылы, облыс өнімдерін сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы, кластерлерді дамыту арқылы т.б. негізгі бағыттардың жүзеге асыру Батыс Қазақстан облысының экономикасын көтеруге септігін тигізеді.

Аймақтық деңгейде өңірдің қазіргі кездегі ұстанымы төмен, себебі Батыс Қазақстан облысымен әр түрлі бағыттары бойынша (қаржы, инновация, сауда, туризм) елімізде бәсекелестік өңірлер бар. Бәсекелестіктің жоғары деңгейі мамандандудың таңдалған салаларына неғұрлым нақты бағытталудың қажеттілігін негіздейді және дамудың іріленген салаларымен қатар, туризм немесе инновация сияқты мамандандырудың неғұрлым ықшам түрлері таңдалуы қажет.

Ойымды түйіндей келе өңіріміздегі әлеуметтік – тұрақтылық деңгейі жыл санап жақсарып келеді. Жан басына шаққанда адамдардың өмір сүру деңгейі артып, қартаю жасы ұлғайып келеді. Мұның өзі халқымыздың әлеуметі жоғары жиынтықты көрсететінін айғақтай түседі. Сырттан алынатын шикізат көздері және дайын тауарларды, яғни импорттың санын төмендетіп, өзіміздің отандық тауарларды жаппай сатылымға шығарып, сыртқы және ішкі инфрақұрылымды дамытудың негізгі өзектерін тауып жатырмыз. Еліміздің өркендеуі барлық қазақстандықтың қолында. «Жұмыла кіріскен жүк жеңіл» дегендей ел мүддесі үшін, халық әлеуеті үшін аянбай еңбектене берейік.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеуді қалыптастыруда үлес қосу мақсатында мынандай ұсыныстар жасауға болады:

1. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеуді мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары бойынша қалыптастыру;

2. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының бірден-бір құралы және өзін-өзі басқарудың нақты жүйесі – мемлекеттік бағдарламалар болып табылады. Осы орайда, шет мемлекеттердің оның ішінде нақтырақ айтсақ, Ресей мемлекетінің мемлекеттік бағдарламалар дайындаудағы тәжірибесіне де жүгіну қажет.

3. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының нәтижесі ретінде экспортқа бағдарланған ғылыми сиймды және жоғары технологиялы өндірісті дамыту;

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 <http://www.bko.gov.kz/> Батыс Қазақстан облысының ресми сайты
- 2 «2016-2020 жылдарға арналған Батыс Қазақстан облысының аумағын дамыту бағдарламасы» Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 9 желтоқсандағы №29-4 шешімімен бекітілген
- 3 <http://www.stat.gov.kz/> Статистика комитетінің сайты
- 4 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы – 2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы, - 2012, желтоқсан.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются социально-экономической ситуация в Западно-Казакстанской области, ее развитые отрасли, виды производства в каждом отдельном районе. Приведены показатели Западно-Казакстанского региона по выполнению стратегических проектов, реализуемых в Республике Казакстан.

RESUME

The article considers socio-economic situation in the West Kazakhstan region, its developed industries, types of production in each separate region. The indicators of the West Kazakhstan region on the implementation of strategic projects implemented in the Republic of Kazakhstan are given.

ӨОЖ 658

Ж. К. Даухарин¹, экономика ғылымдарының докторы,

А. Ұ. Сұлтанов², ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент

¹Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана қаласы, Қазақстан

²Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал к., Қазақстан

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУДА ЖОБАЛЫҚ ТӘСІЛДЕМЕНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Шағын және орта кәсіпорындарының қызметін жетілдіру барысындағы күрделі мәселелер. Жобалық басқару нарық құралы ретінде басқарудың тиімділігін арттырады. Жобалық басқарумен оперативті басқаруының айырмашылықтары. Жоба түсінігі және жобалық басқару процесстерінің топтары.

Түйін сөздер: шағын және орта кәсіпорындары, қызмет түрлері, жоба, жобалық басқару.

Шағын және орта кәсіпорындар үшін өз қызметін жетілдіру мәселесі әрдайым күн тәртібінде тұрады және өзекті болып табылады. Бүгінгі таңда, қалыптасқан нарық және дағдарыс шарттары осы кәсіпорындардың басшыларын басқарудың тиімділігін арттыру құралдарын іздеуге итермелейді.

Экономиканы реформалау орнатылған байланыстардың бұзылуына әкеліп соқтырды және орныққан шарттар жалпы басқару жүйесін өзгерту қажеттілігін көрсете бастады. Қазіргі басқару жобалық тәсілдеменің құраушысы болып табылатын талдамалық (аналитикалық) бағалауға, нарықтық жағдайды болжауға, нарықтық оқиғалардың даму беталысын, жаңа бірегей өнімдерді анықтауға бағытталған.

Кәсіпорындардың көптеген басшылары жаңа қолданысты елемей «сенімді» әдістерді қолдануды жөн көреді, бұл нарық шарттарында тиімді басқаруды төмендетеді. Қолданылатын әдістер көптеген жағдайларда жаңа шарттарға бейімсіздік салдарынан өзін ақтамайды, ал нарықтағы орын алған өзгерістер басқарудың маңызды құраушысы болып табылатын сәйкес серпілісті талап етеді. Осы жағдай айналадағы ортаның талаптарын тиісті есепке алмай жүргізілген кәсіпорынның қызметі, басқарудың тиімділігіне айқын белгі қоятындығын көрсетеді.


Жобалық тәсілдеме қойылған міндеттерді барынша ақтайды және оны маркетингпен бірге нарық құралдары қатарында басқарудың тиімділігін арттырудағы талап етілетін құралы етеді.

Кәсіпорындардың, сонымен бірге шағын және орта кәсіпорындардың қызметінде жобалық тәсілдеменің танымалдығының өсуіне дәл осы жағдай себеп болды. Бұдан өзге, мерзімі, бюджет, істің мазмұны, нәтижесі үшін қызметкерлердің жеке жауапкершіліктері, құрастырылған және бейімделген ынталандыру жүйесі бойынша ауытқуларды қысқартусекілді ең жақсы басқарушылықта көрінетін оң жақтарын жеткілікті деңгейде атауға болады.

Қазіргі уақытта, көлеміне қарамастан кез келген кәсіпорынның қызметін жобалық басқаруға жүктеуге және жоба ретінде бағалауға болады. Ауылшаруашылық бағытындағы шағын және орта кәсіпорындарды да (астық жинау, дән сақтау, ауылшаруашылық техникасын дайындау және т.б.) жалпыға мәлім жобалық үшбұрышы (бюджет, мерзімі, мазмұны) аясында қарауға болады.

Кез келген кәсіпорын жүйелерді және жобаларды орындаумен айналысады. Айырмашылықтары жүйелік қызмет бұл қайталанатын процесс, ал жобалық қызмет уақытша және бірегей (1 сурет).

Жобалық басқаруға өту басқарудың тиімділігін жоғарылату мақсатында жаңа жағдайларға бейімделу қажеттілігінен бұйырылған және ол белгілі құралдар өзінің дәрменсіздігінкөрсеткен жағдайда ақталған.



1 сурет – Қызмет түрлерінің ерекшеліктері

Бүгінде, қолдану бағытында ғана емес, сонымен қатар аймақтарды дамыту кешенінде оң әсерін беруге тартылған ауыл шаруашылықта бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асырылуда немесе іске қосуға әзірленуде.

Жоба – басталуы мен аяқталуының белгілі уақыттарымен ортақ мақсатқа табысты қол жеткізуге арналған өзара байланысты әрекеттердің (жұмыстардың) бірегей жиынтығы (*AIPM-Australian Institute for Project Management, National Competence Standard for Project Management – Guidelines 1996-p.18.*).

Жобалық басқару – нақты нәтижеге қол жеткізуге бағытталған, орын алған процестердің реттілігін және ұтымдылығын (рационалдығын) анықтайтын, жекелеген өзара байланысты жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыру алгоритмі негізінде кәсіпорынның қызметін ұйымдастыру.

Дәстүрлі жобалық басқаруды 5 санатты (топты) басқару процестеріне топтастыру қабылданған және бастамалау процестері тобынан басталады. Бастамалау процестерінің тобы,

жаңа жобаны анықтау үшін орындалатын жобаның бастамасына авторландыру жолымен өзіне процестерді қабылдайды.

Аталған топ шегінде мазмұны мен бастапқы қаржылық ресурстары анықталады. Өзара әрекеттесетін және жобаның жалпы нәтижесіне әсер ететін ішкі және сыртқы мүдделі тараптар (МТ) анықталады, жобаның менеджері тағайындалады. Осы ақпарат жобаның Жарғысында және МТ тізілімінде (реестрінде) бекітіледі. Жобаның Жарғысын қабылдағаннан кейін жоба ресми түрде авторландырылған болып саналады. Осы процестер орындау қажет – жобаның пайымынанықтауға көмектеседі.

Жоспарлау процестерінің тобы – жұмыстың жалпы мазмұнын анықтау үшін орындалатын, мақсаттарды қою мен нақтылау және белгіленген мақсаттарға жету үшін әрекеттердің реттілігін әзірлеу процестерінен тұрады. Жобаның орындалуына қарай жобаны бастамалаумен қоса жоспарлаудың бір немесе бірнеше процестеріне қайтару қажеттілігіне әкелетін қосымша жоспарлау қажет болады.

Орындау процестерінің тобы жобаның сипаттамаларына сәйкестігі мақсатында көрсетілген жұмыстарды жүзеге асыру үшін орындалатын процестерді болжайды (адамдар мен ресурстарды үйлестіру, МТ болжалын, біріктіруді және жобаның операцияларын орындауды басқару және т.б.).

Мониторинг және бақылау процестерінің тобы қадағалау, талдау және ілгерілеуді үйлестіру мен жобаны орындау, жоспарға өзгеріс енгізуді қажет ететін және тиісті өзгерістерді бастамашылық ететін саласын анықтау үшін қажетті процестерін қосады.

Жабу процестерінің тобы – жобаны, кезең немесе келісімшарт міндеттемелерін ресми аяқтау мақсатында, жобаны басқару процестерінің барлық топтары аясында жалпы операцияларды аяқтау үшін орындалатын процестерінен тұрады.

Әр жоба бірегей болғандықтан жоспарлау барысында қиындықтар туғызады, нәтижеге (өнімдер, қызметтер) қол жеткізгеннен кейін көптеген факторлардың әсерінен, жобаның сыртқы және ішкі ортасын болжау қиын.

Қазіргі инновациялық даму кезеңінде, кәсіпорынның талпынысынан болған жобаның сыртқы ортасының тұрлаусыздығын басқарудың ықпалды бейімдеу құралдарын табуда жобалық басқарудың рөлі мен маңызы едәуір ұлғаюда. Жобалық басқаруға өту бойынша жұмыс белсендірілуде, қызметін тұтас жобалық басқаруға жатқызуға болатын компанияларды (құрылыс және консалтингтік компаниялар) қоспағанда, кәсіпорындар бейіні мен көлеміне қарамастан өзінің қызметіне жобалық басқаруды енгізуде.

Осыдан 10 жылдай уақыт бұрын Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» Қазақстан халқына Жолдауында жобалық басқаруды – ол жақын болашақты басқаруды жаңартудың мәні болу керек деп зейінімізді аудартты (11.10.1997ж).

Жуық уақытқа дейін, елімізде жобалық басқаруды енгізуәлі де талай жақсартуды талап етті, өзара қарым-қатынастың нақты коммуникациялық, ұйымдастырушылық механизмдері, стандарттар және жобаларды басқару әдістемелері болған жоқ, алайда қазір біз өзара әрекеттесу мен дамудың басқа тұрғысы туралы айта аламыз.

Бүгін Қазақстанда өзіне негізгі жобалық менеджменттің тұжырымдамасын қабылдайтын және алдына маңызды міндет ретінде жобалық басқарудың ұлттық стандартын қоятын «ҚР СТ ISO21500 – Жобаларды басқару жөніндегі нұсқау» Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты әрекет етеді.

Қазір халықаралық ұйымдардың және олардың филиалдарының жобалық басқару бойынша консалтингтік және жаттықтырушы қызметтерін көрсететін, осылайша жобалық тәсілімдемеге дем бере отырып себептесу жұмысының жандануы байқалады.

Бүгін жобалық басқару коммерциялық ұйымдарды ғана емес, жобалық менеджменттің әдістерін қару ретінде ала отырып мемлекеттік басқару органдарын да қамтуда танымал болуда.

Бүгінгі таңда, Посткеңестік кеңістік елдерінде жобалық басқаруды енгізу бойынша маңызды істер туралы айтуға болады және Белгород облысында жобалық басқаруды ауқымды енгізу тәжірибесі соның дәлелі.

Жобалық тәсілімдемені енгізу Посткеңестік кеңістікте шешімін табуы тиіс бірқатар қиындықтармен түйіндесті.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, жобалық менеджменттің принциптерін қолдана отырып бағдарламалар мен жүзеге асырылатын жобалардың 80 %-ға дейін табыстылығына қол жеткізуге болады.

Кәсіпорындарға жобалық тәсілімдемені енгізудің негізгі өзіндік мәселесінің бірі ретінде, қызметкерлердің жаңа ережелер бойынша жұмыс істеуге дайынсыздығы болып табылады, кәсіпорын қызметінде жаңа енгізілімді қабылдамау және қаламауды тудырады. Бұл жобалық тәсілімдеменің артықшылықтарын теріске шығаруға, бар тиімдірек құралдарды ескермей және жұмыстың дағдылы, дәстүрлі әдістерін қолдануға айқын ізін салады.

Сонымен қатар, осы бағытта қызметкерлердің жетіспеушілігі жобалық басқарудың қызметкерлерін даярлауды болжайтын, оларға негізгі принциптерін және әлеуметтік-экономикалық дамудың жеделдеткіштері болуға тартылған жобалық басқарушылардың корпусын қалыптастыру әдістерін үйретуді атауға болады.

Басқаруда жобалық тәсілімдеменің құралдарын қолданысқа енгізу әлемдік экономикадағы ағымдағы жағдай аясында күрделі жұмысты болжайтынөте маңызды және жауапты іс, және ол жақын болашақтың басым міндеттерінің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Даухарин Ж.К. Проектный менеджмент как инструмент повышения эффективности функционирования предприятий / Ж.К. Даухарин, Л.В. Орлова // Вестник Самарского муниципального института управления. – 2016. – №2. – 75-80 б.

2 Инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» [мемлекеттік бағдарламасы](#).

3 URL: <http://www.baiterek.gov.kz/ru/progras/nurly-zhol/>.

4 «ҚР СТ ISO21500 – Жобаларды басқару жөніндегі нұсқау» Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты

5 ҚР СТ ISO 21500-2014 (ISO 21500:2012 guidance on project management, idt)» URL: http://online.akn.kz/Document/?doc_id=39196466.

6 Патрикеева А. Пять проблем внедрения проектного подхода в государственном секторе // А. Патрикеева, Е.Трохина / Управление проектами. – 2016. – №2. – 11-19 б.

7 Мухтарова К.С. Управление проектами: учебное пособие / К.С. Мухтарова, А.М.Джулаева, Г.Б.Нурсейтова, С.Т.Купешова, Д.Б. Байбулова. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 322 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются актуальные вопросы совершенствования управления малыми и средними предприятиями; проектное управление как инструмент повышения эффективности управления; особенности проектного и оперативного управления; понятие проекта и группы процессов проектного управления.

RESUME

The article discusses topical issues of improving the management of small and medium-sized enterprises; project management as a tool for improving management effectiveness; features of project and operational management; the concept of a project and a group of project management processes.

УДК 339.138

Г. К. Молдашев, доктор сельскохозяйственных наук, доцент

Б. М. Хусаинов, кандидат сельскохозяйственных наук, доцент

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск, РК

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ СОВРЕМЕННОЙ КОНЦЕПЦИИ МАРКЕТИНГА НА ПРЕДПРИЯТИИ

Аннотация

В статье обобщены теоретические аспекты исследования современной концепции маркетинга. Изложены позиции маркетинга как экономического процесса, хозяйственной функции и хозяйственной концепции.

***Ключевые слова:** маркетинг предприятия, современные концепции, основные позиции, экономический процесс, хозяйственные функции.*

Одним из основных факторов обеспечения конкурентоспособности любого предприятия и организации в XXI веке, активно функционирующей в рамках требований Всемирной торговой организации является творческое использование ими принципов современной концепции маркетинга.

По мнению всемирно известного американского гуру в области маркетинга, профессора Ф. Котлера: «Маркетинг должен определять видение, миссию компании и все ее стратегическое планирование. Маркетинг обычно рассматривается как усилия, направленные на создание, продвижение и доставку товаров и услуг покупателям и бизнесу» [1].

В Послании народу Казахстана «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие» Президент Н.А. Назарбаев отмечает, что «Нам жизненно необходимо более глубокое реформирование государственного и корпоративного менеджмента, финансового и фискального секторов» [2].

Формирование эффективной системы стратегического управления организации, основанной на комплексном изучении и анализе состояния взаимодействия функций маркетинга и продаж на предприятии – важная проблема современного бизнеса.

Поэтому изучение и описание данного вопроса является актуальной темой исследования.

Обобщая социально-экономическую сущность маркетинга Дурович А.П. в учебном пособии «Основы маркетинга» приходит к заключению, что «современный маркетинг – сложное, динамичное, многоплановое социально-экономическое явление, чем и обусловлено существование более двух тысяч его определений.

Поиск наиболее адекватного их них не должен являться самоцелью.

Более того, любое краткое определение будет неполным, т.к. невозможно в сжатой форме выразить все аспекты маркетинга, отражающие его сущность, принципы, функции, инструменты и механизмы. Поэтому, не отрицая разнообразных подходов к определению маркетинга, мы полагаем, что его сущность может быть наиболее полно раскрыта на основе комплексного подхода.

С этих позиций маркетинг необходимо рассматривать как:

- экономический процесс;
- хозяйственную функцию;
- хозяйственную концепцию» [3].

Маркетинг как экономический процесс обеспечивает контакт производителя и потребителя, способствует повышению эффективности совершаемых ими обменов, рациональной ориентации общественного воспроизводства и, как следствие, является целеполагающим началом производства, средством сведения до минимума несоответствия между спросом и предложением.

Он устанавливает и постоянно поддерживает не только товарный, но и информационный обмен между потенциальными участниками рыночных отношений.

Развитая рыночная среда является предпосылкой для эффективного функционирования маркетинга, обеспечивающего условия, при которых потенциальный контакт между производителями и потребителями становится реальным актом купли-продажи.

Маркетинг как хозяйственная функция первоначально рассматривался как одна из многочисленных и равных функций предприятия, затем – как преобладающая над другими, и, наконец, как интегрирующая функция.

Подчеркивая определяющую роль интегрирующей функции маркетинга в управлении хозяйственной деятельностью предприятия, известный американский ученый П. Друкер писал: «Необходимо поставить специалиста по маркетингу в начале, а не в конце производственного цикла и интегрировать маркетинг в каждую фазу бизнеса».

Путем изучения установить и довести до каждого инженера, конструктора и производственника, каким клиент хочет видеть данный продукт, какую цену он хочет платить, где и когда этот продукт потребуется.

Маркетинг должен оказывать воздействие на проектирование, планирование выпуска, экономический анализ, равно как и на распределение, сбыт и предоставление услуг по продукту» [4].

Маркетинг как хозяйственная концепция – это идеология бизнеса, исходным пунктом которой является спрос на товары.

В соответствии с этим вся деятельность предприятия должна осуществляться с постоянным учетом состояния рынка и основываться на точном знании нужд и потребностей потенциальных покупателей.

Маркетинг как хозяйственная концепция включает:

- определение нужд и запросов покупателей;
- разработку и предложение на рынок товаров, которые необходимы покупателям и способны удовлетворить их потребности;
- установление цен, приемлемых для покупателей и обеспечивающих достаточную прибыль продавцам;
- выбор наиболее выгодных и удобных путей доведения товаров до потребителей;
- обоснование и использование методов и средств активного воздействия на рынок с целью формирования спроса и стимулирования сбыта.

Каждое из перечисленных направлений важно само по себе. Однако ценность и значимость каждого из них возрастает, когда они рассматриваются и осуществляются в единстве и целостности.

В таком случае речь идет об использовании предприятием концепции маркетинга, предполагающей научно обоснованную увязку таких компонентов, как идея, цель, стратегия и инструментарий их реализации.

Получение этим предприятием прибыли обеспечивается не за счет навязывания произведенных товаров покупателям, а путем удовлетворения их потребностей. Тем самым достигается сбалансированность интересов производителей и потребителей.

Характерные черты маркетинга на современном этапе – комплексное рассмотрение проблем потребителей, формирование совокупности товаров, наиболее полно и эффективно их решающих, и индивидуализация – ориентация на небольшие группы потребителей и, где это возможно и целесообразно, на отдельного потребителя.

Установлено то, что маркетинг – не застывшая догма, а одна из наиболее динамичных сфер экономической деятельности.

В современных условиях эволюция маркетинга связана с уровнем материального и социального развития общества, состоянием научно-технического прогресса, внедрением информационно-коммуникативных технологий и возрастанием значения качества товаров.

В результате сформировалась концепция социально-этичного маркетинга, определяющая, что задачей предприятия является установление нужд, потребностей и интересов целевых рынков, удовлетворение потребителей более эффективными, чем у

конкурентов способами и сохранение благополучия покупателя и общества в целом. Ее сторонники считают необходимым достижение баланса прибыли компании, удовлетворения потребностей потребителя и общественных интересов. Но, в реальной жизни это достигается далеко не всегда. Однако данная концепция – идеал, к которому следует стремиться каждому предприятию.

Функции маркетинга традиционно подразделяют на пять групп [5]:

- 1) Планово-исследовательские, контрольные и организационные функции:
 - маркетинговое исследование (сбор и анализ информации, прогноз рынка);
 - разработка стратегии маркетинга;
 - составление плана и бюджета маркетинга;
 - создание конкретной программы маркетинговых мероприятий;
 - организация и проведение маркетинга;
 - управление маркетингом и контроль за ним.
- 2) Функции по формированию рынка и ценообразованию:
 - поиск и раздел рынка сбыта;
 - сегментация рынка;
 - тестирование рынка на наличие аналогичных товаров других фирм;
 - разработка технологии производства товара и его модернизации;
 - сертификация товара;
 - формирование и осуществление ценовой стратегии;
 - создание и защита товарной марки;
 - разработка жизненного цикла товара (внедрение его на рынок, рост продаж, их стабилизация, насыщение рынка товаром, спад продаж).
- 3) Функции по регулированию рынка реализуемого товара:
 - стимулирование спроса и предложения;
 - регулирование товарных запасов;
 - регулирование цен.
- 4) Функции, связанные с движением и распространением товара:
 - научная организация товарного процесса;
 - организация франчайзинга, лизинга, факторинга финансово-коммерческих услуг банков;
 - выбор дистрибьюторов;
 - формирование каналов сбыта товара;
 - управление перемещением и складированием товаров, т.е. логистика;
 - организация сбыта и продажи товара.
- 5) Функции по внедрению товара на рынок:
 - организация рекламной деятельности;
 - создание конкретных каналов маркетинговых коммуникаций;
 - научная организация сервиса;
 - организация конкурентной борьбы.

Выполнение перечисленных функций требует от фирмы разработки и осуществления маркетинговых программ, понимания реального соотношения маркетинга и предпринимательства. Первый, согласно современной его трактовке — не прямая функция второго, а определённый к нему подход, исходящий из того, что целью бизнеса является "создание потребителя". Маркетинговая деятельность позволяет определить, для кого, что, как и сколько производить, т.е. ответить на вопросы рыночного хозяйствования.

Таким образом, в заключении хотелось бы отметить, что в XXI веке процесс эволюции концепций маркетинга связан с постоянным изменением уровня развития общества и его трансформации, состоянием и развитием индустриально-инновационной экономики, ростом производительности труда, улучшением качества товаров и услуг. В результате на предприятиях сформировалось концепция социально-этичного маркетинга, которая оказывает позитивное влияние на их конкурентоспособность и имидж в лице потребителей.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Котлер Ф. Маркетинг менеджмент / Ф. Котлер . –11-е изд. –СПб.: Питер, 2005.–С. 58.
- 2 Назарбаев Н.А. Послание Президента РК народу Казахстана «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие» от 30 ноября 2015 г. / Н. А. Назарбаев // Казахстанская правда. - 2015. – 1 декабря.
- 3 Дурович А.П. Основы маркетинга: учеб. пособие. / А.П. Дурович. – М.: Новое знание, 2006. – 512 с.
- 4 Друкер П.Ф. Задачи менеджмента в XXI веке: учеб. пособие: пер. с англ. – М.: Вильямс, 2000. – 272 с.
- 5 Котерова Н.П. Основы маркетинга: учеб. Пособие / Н.П Котерова. – М.: «Академия», 2004. – 144 с.

ТҮЙІН

Мақалада маркетингтің заманауи тұжырымдамаларын зерттеудің теориялық негіздері қорытындыланған. Маркетингтің экономикалық үдеріс, шаруашылық қызметтері және шаруашылық тұжырымдамалары ретіндегі орны баяндалған.

RESUME

The paper summarizes the theoretical aspects of the study of modern marketing concepts. The position of marketing as an economic process, business function and business concept was stated.

УДК 35.08(055)

Н. В. Привалова, начальник отдела организации семинаров по государственному заказу
Управления повышения квалификации кадров
Одесский региональный институт государственного управления Национальной академии
государственного управления при Президенте Украины, г.Одесса, Украина

ТЕХНОЛОГИИ МОНИТОРИНГА ПЕРСОНАЛА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ПРАКТИКИ РЕАЛИЗАЦИИ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Аннотация

В статье рассматривается методика изучения кадрового потенциала системы государственного управления. Обобщается зарубежный опыт мониторинга сотрудников. Анализируются новейшие технологии мониторинга персонала, среди которых собеседования-встречи руководителя-оценщика и оцениваемого, использование ассесмент-центров (центров оценки), внедрение системы общественного (гражданского) мониторинга персонала.

Ключевые слова: мониторинг, методы мониторинга, мониторинг кадрового потенциала системы государственного управления, технологии мониторинга персонала.

Для качественного осуществления мониторинга используется методика изучения кадрового потенциала, которая должна реализоваться на основе, во-первых, реальных показателей его состояния, которые определяются современными реалиями и, во-вторых, перспективами его развития.

1. Для успешной реализации кадрового потенциала системы государственного управления должно быть соответствие государственных служащих определенным требованиям, установленным законодательством (уровень профессионального образования, стаж (опыт) работы, профессиональные знания и навыки, возраст и т.д.), а также наличие способности служащих реализовать себя в профессиональной деятельности. Мировая и

отечественная практики в качестве соответствующих показателей выделяют уровень образования и показатели профессионально-квалификационной структуры, культурный уровень, показатели здоровья, половозрастной структуры, среднюю продолжительность жизни, соотношение занятых преимущественно умственным и преимущественно физическим трудом, структуру занятых в материальном производстве и в непроизводственной сфере, показатели миграции и ряд других. Несомненно, что данные показатели требуют систематизации и адаптации к конкретным условиям, они необходимы с точки зрения разработки модели или профессиограммы современного служащего. В свою очередь, эта модель может стать ориентиром в осуществлении кадровой политики в государстве.

2. Процесс развития кадрового потенциала служащих заключается, прежде всего, в формировании и постоянном обогащении у служащих качеств, профессионально значимых знаний, навыков и умений, которые необходимы им для эффективного выполнения своих должностных функций, прав и обязанностей. Они призваны в полной мере раскрыть способности, талант, потенциальные возможности сотрудников. Профессиональное развитие в системе государственного управления – это векторный процесс качественного изменения профессионализма самих государственных служащих: их профессиональной компетентности, опыта, знаний, интеллектуального потенциала, личностно-деловых качеств, интересов и т.п. [1, с. 7]. В профессиональном развитии государственных служащих целесообразно выделять два направления: их профессионально-квалификационное развитие, связанное с обучением и самообразованием, приобретением новых знаний, профессионального опыта работы, повышением квалификации; их профессионально-должностное развитие, связанное с реализацией личностно-деловых характеристик служащих, служебным ростом и карьерным продвижением. При анализе как профессионально-квалификационного развития, так и профессионально-должностного необходимо разрабатывать и внедрять механизм, обеспечивающий повышение эффективности профессионального развития государственных служащих в целом. На профессиональное развитие влияют разные факторы. К объективным факторам относятся потребности общества в профессионалах; значимость (престиж) государственно-управленческой сферы; требования к профессии и государственному служащему, основанные на профессиональных нормах, стандартах; уровень профессиональных знаний, умений, навыков служащего. К субъективным факторам профессионального развития служащего можно отнести индивидуальные свойства, направленность личности, иерархию мотивов, ценностных ориентаций, динамику жизненных циклов.

Переход на ежегодное оценивание госслужащих (отказ от практики аттестации и кадрового резерва) был связан, в том числе, и с тем, что система оценки деятельности государственных служащих, а также имеющиеся дисциплинарные санкции, давно обесценились и фактически имитировали оценивание. В связи с этим новый Закон "О государственной службе" подчеркивает необходимость совершенствования системы оценки деятельности государственных служащих.

Практика мониторинга сотрудников реализуется на больших и малых предприятиях по всему миру. Организации осуществляют мониторинг работников для отслеживания производительности, юридической ответственности, защиты коммерческой тайны, а также решения других проблем безопасности. Мониторинг также означает обеспечение постоянной обратной связи для сотрудников о прогрессе в их деятельности на пути достижения своих целей. Регулярные требования к производительности включают проведение мониторинга за работой сотрудников, где их производительность сравнивается со стандартами их деятельности [2].

Постоянный мониторинг обеспечивает руководство организации возможностью проверить, насколько хорошо сотрудники отвечают заранее установленным стандартам и, если последние оказываются нереальными или проблематичными, вносятся соответствующие изменения. Мониторинг, следовательно, может помочь в определении той сферы, где сотрудники неэффективно тратят время или ресурсы организации (к примеру, для собственной выгоды).

На сегодня различными компаниями разработаны многочисленные методы мониторинга сотрудников, среди которых можно выделить два основных: метод определения ожиданий и метод оценки производительности.

Метод определения ожиданий предполагает следующее: четкое определение политики компании, знание сотрудниками политики компании, точное соблюдение дисциплинарных рекомендаций, реализация уравновешенной политики.

Метод оценки производительности предусматривает следующее: незапланированные проверки сотрудников, просьба объяснить то, над чем сотрудник работает, документирования сотрудниками своей работы, оценка работы в процессе, запросы к другим по взаимодействию сотрудника.

Главная цель мониторинга заключается в обеспечении руководства полной, своевременной и достоверной информацией о процессах, протекающих в организации. Анализ мониторинга работников частного сектора как специально организованного системного наблюдения с целью комплексной оценки и повышения эффективности их деятельности является примером для подражания в системе государственной службы.

Поэтому представляется целесообразным использовать новейшие технологии мониторинга персонала, среди которых предлагаем следующее: собеседования-встречи руководителя-оценщика и оцениваемого (государственного служащего), использование ассесмент-центров (центров оценки), внедрение системы общественного мониторинга персонала.

1. Практическое значение для повышения эффективности управления имеет разработка социально-психологической модели специалиста (личностной активности) на основе формирования профессионально важных качеств. В конечном итоге она нацелена на то, чтобы обеспечить разумное использование всей гаммы возможностей и профессиональных способностей специалистов. Это позволяет подходить к оценке человеческих ресурсов как к систематическому процессу непрерывного, последовательного профессионального совершенствования, профессионального образования и личностного развития каждого служащего, который оценивается; ретроспективно-перспективного процесса профессионально-личностного «развертывания» служащего сквозь призму результатов деятельности за отчетный период; непрерывного процесса взаимодействия и взаимовлияния двух неделимых социально-личностных составляющих, присущих каждому государственному служащему:

а) профессионализма, проявлением которого является деловая результативность и профессиональная производительность;

б) реализации творческого потенциала и профессионального успеха, что измеряется с помощью критерия персональной эффективности, сложного и многогранного процесса, ориентированного на оцениваемого служащего. Процесс оценки человеческих ресурсов в сфере государственного управления должен обеспечиваться процедурой оценочного собеседования-встречи руководителя-оценщика и оцениваемого государственного служащего. Исходя из того, что собеседование-встреча, основываясь на результатах оценки предыдущего этапа в карьере государственного служащего, должна направляться на перспективу, давая оцениваемому шанс для дальнейшего творческого личностного развития и профессионального роста, предлагается такая интерпретация нынешних заключительных ежегодных оценок, выступающих в качестве современных оценок-характеристик: «Высокоэффективный служащий»; «Эффективный служащий»; «Служащий, который профессионально развивается»; «Служащий, деятельность которого требует значительного улучшения»; «Неэффективный служащий». При этом целесообразно введение неудовлетворительной оценки, вызванной, во-первых, сложностью целей и задач отечественной сферы государственного управления в XXI веке; во-вторых, современными требованиями к государственному служащему, которые выдвигает перед ним государственная служба как профессиональная деятельность.

2. Украинская исследовательница О.Пархоменко-Куцевил предлагает имплементировать зарубежный опыт использования ассесмент-центров (центров оценки) – выявление определенных качеств у работников путем комплексного оценочного исследования путем выполнения ими типичной для данной или потенциальной должности задач [3, с.8]. Поэтому, учитывая совершенствование процедур оценки, перспективным направлением является создание независимых центров оценки управленческих кадров. Они представляют собой организационную форму, в рамках которой применяется определенная совокупность методов и процедур оценивания управленческого потенциала государственных служащих. Эти

